

Маман тапшылығы  
жойылады



2-бет

Жаздың ең жарқын  
фестивалі



6-бет

Испания тең  
түсті



8-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Иесін тапқан марапат



Қарағанды кардиоор-  
талығының ангиохирур-  
гі Евгений Вручинский  
еліміздің кардиология са-  
ласындағы беделді мара-  
паттың бірі – «Ақ жүрек»  
сыйлығының иегері атан-  
ды.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Айтулы марапат Алматы ка-  
ласында өткен Қазақстан кар-  
диологтарының XVIII конгресі  
аясында табысталды. Бұл сый-  
лық жүрек-қан тамыры аурула-  
рын емдеу мен кардиологиялық  
қызметті дамытуға елеулі үлес  
қосқан мамандарға беріледі.

Евгений Вручинский Қара-  
ғанды кардиоорталығының  
тамыр және эндоваскулярлық  
хирургия бөлімінде еңбек етеді.  
Ол аз инвазивті технологиялар-  
ды қолдану арқылы қан тамыр-  
ларына күрделі ота жасап, көп-  
теген науқастың денсаулығын  
қалпына келтіруге атсалысып  
келеді. Заманауи медицина-  
лық әдістерді меңгерген маман  
жүрек-қан тамыры аурулары бар  
пациенттерге жоғары техноло-  
гиялық көмек көрсетумен айна-  
лысады.

Кардиоорталық ұжымының  
пікірінше, «Ақ жүрек» сыйлығы  
бүкіл ұжымның үйлесімді еңбе-  
гі мен жоғары кәсіби деңгейінің  
нәтижесін көрсетеді. Себебі,  
қазіргі заманғы кардиохирур-  
гия мен эндоваскулярлық емдеу  
әдістері мамандардың бірлескен  
жұмысын талап етеді.

Соңғы жылдары Қарағанды  
облысында жоғары техноло-  
гиялық медициналық көмектің  
қолжетімділігі артып келеді.  
Кардиоорталықта күрделі ота-  
лар мен диагностикалық зерттеу-  
лердің жаңа түрлері енгізіліп,  
өңір тұрғындарына сапалы ме-  
дициналық қызмет көрсету мүм-  
кіндігі кеңейіп түсті.

Евгений Вручинскийдің  
кәсіби марапатқа ие болуы – Қара-  
ғанды медицинасының әлеу-  
етін айқындайтын маңызды  
көрсеткіштің бірі. Бұл жетістік  
өңірдегі кардиологиялық қыз-  
меттің дамуын және жергілікті  
мамандардың республикалық  
деңгейде жоғары бағаланатын  
нәтижесін дәлелдейді.

## Су үнемдеген өнімін еселейді

Судың қадірі қуаң өңір-  
де айрықша сезіледі. Әр  
тамшының есебі бар жер-  
де ауылдың тіршілігі де,  
егіннің өнімі де, шаруаның  
еңбегі де суға тәуелді. Сон-  
дықтан, Мемлекет басшысы  
Қасым-Жомарт Тоқаев су  
ресурстарын тиімді пайда-  
лану, су шаруашылығы ин-  
фрақұрылымын жаңғырту  
және ауыл шаруашылығын-  
да су үнемдеу технологияла-  
рын кенінен енгізу мәселесін  
стратегиялық міндет ретінде  
белгіледі. Бұл тапсырманың  
салмағы Арқа өңірі сияқты  
сайын дала, су көздері шек-  
теулі өңірлер үшін тіпті,  
бөлек.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Ендігі сын – тұрақтылық

Аймақта соңғы жылдар мұғ-  
дарында ауылдық елдімекендерді  
ауызсумен қамту және суармалы  
егіншілікті дамыту бағытында  
бірқатар жетелі жоба жүзеге асты.  
Быттыр облыстың ауыл халқы  
орталықтандырылған сумен 100  
пайыз қамтылды. Дегенмен, бұл  
салада шешімін күткен мәселе  
жоқ деген сөз емес. Су құбыры  
желілерінің тозуы, су көздерінің  
шектеулілігі, жаз мезгіліндегі  
тұтыну жүктемесі және ауыл ша-  
руашылығында суға сұраныстың  
артуы суды бұрынғыдан да үнем-  
деп пайдалануды талап етеді.  
Осы тұрғыдан алғанда, өңір ша-  
руаларының жаңбырлатып және  
тамшылатып суару технологияла-  
рына көшуі – уақыт талабы.



Бұл бағыттағы ахуалды екі ар-  
нада қарастырсақ, құба-құп. Бірі  
– ауыл халқы ауызсумен қамту  
инфрақұрылымы, екіншісі – суар-  
малы егіншілікте суды тиімді пай-  
далану мәдениеті. Өйткені, ауылға  
жеткен су мен егіске жұмсалатын  
судың түпкі жолы ортақ. Екеуі де  
су көздерінің тұрақтылығына,  
желілердің жай-күйіне және тұты-  
ну тәртібіне тәуелді.

Қарағанды облысында ауыл

елдімекендерді орталықтан-  
дырылған ауызсумен қамту бағы-  
тында соңғы жылдары жүйелі  
жұмыс жүргізілді. Облыстық  
энергетика және тұрғын үй-ком-  
муналдық шаруашылық басқар-  
масының мәліметінше, быттыр 16  
ауылда сумен жабдықтау нысаны  
пайдалануға беріліп, 45 ауылдық  
елдімекенде блок-модульді су та-  
зарту кешендері орнатылған. Со-  
ның нәтижесінде облыстың ауыл

халқы орталықтандырылған су-  
мен жабдықтау қызметімен толық  
қамтылды.

Облыс бойынша су құбыры  
желілерінің жалпы ұзындығы – 4  
895,51 шақырым. Орташа тозу  
деңгейі – 45,8 пайыз. Әсіресе,  
ауылдық елдімекендердегі қолдан-  
ыстағы желілердің едәуір бөлігі  
ұзақ жылдар бойы пайдаланылып  
келгендіктен, олардың техника-  
лық жай-күйі тұрақты бақылауды



ПРЕЗИДЕНТ  
ТАПСЫРМАСЫН  
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

және кезек-кезеңімен жаңғырту-  
ды қажет етеді. Әрі ауылдарға су  
беру кестесі енгізілмеген. Алайда,  
жекелеген елдімекендерде сумен  
жабдықтау жүйелерінің тозуы, су  
көздерінің азаюы, электр энер-  
гиясының үзілуі немесе апаттық  
жағдайлар салдарынан уақытша  
шектеулер болуы мүмкін. Мұндай  
кезде сумен жабдықтау ұйымдары  
тарапынан жедел қалпына келтіру  
шаралары қабылданады, – дейді  
облыстық энергетика және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық  
басқармасы сумен жабдықтау  
бөлімінің басшысы Бақытбек  
Ақпаров.

Ауылдық елдімекендерді су-  
мен жабдықтаудың негізгі көзі  
– жерасты сулары. Тұрғындарға  
су көбіне ұңғымалар арқылы  
алынатын жерасты су көздерінен  
жеткізіледі. Бұл ауылдағы су жүйе-  
сінің ұңғымалардың қуатына, су  
көздерінің табиғи мүмкіндігіне  
және инженерлік инфрақұрылым-  
ның сенімділігіне тікелей тәуелді  
екенін көрсетеді.

Соңғы үш жылда ауылдық ел-  
дімекендерде су құбыры желілерін  
салу, қайта жаңғырту және жөндей  
бойынша бірқатар жоба іске асы-  
рылды. Жаңа су құбыры желілері  
тартылып, қолданыстағы желілер  
қайта жаңғыртылып, тозығы жет-  
кен учаскелер ауыстырылды.

► 3-бет

## Оңай олжа опық жегізеді

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП  
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Жылтырағанның бәрі алтын емес». Қаржы пирамидалары туралы сөз болғанда осы нақыл еріксіз еске түседі. Соңғы жылдары әлеуметтік желілер мен түрлі мессенджерлер арқылы азаматтарды жоғары табысқа кенелуге шақыратын күмәнді жобалар көбейген. Алайда, олардың көпшілігі уәде еткен пайданы емес, қаржылық шығын мен өкініш әкелді.

Қарағанды облысында да мұндай заңсыз әрекеттердің жолын кесу бағытындағы жұмыс жалғасуда. Облыс прокуратурасының үйлестіруімен экономикалық тергеу-тексеру департаменті биыл қаржы пирамидасын құру және оған басшылық ету фактілері бойынша үш қылмыстық іс тіркелді. Аялдан ала мәліметтерге сәйкес, заңсыз қаржы схемаларына 400-ден астам адам тартылған.

Өткен жылдың көрсеткіштері де мәселенің өзектілігін аңғартады. 2025 жылы қаржы пирамидаларына қатысты төрт сотқа дейінгі тергеу-тексеру басталған. Нәтижесінде 50-ден астам азамат зардап шегіп, келтірілген материалдық шығын көлемі 67 миллион теңгеден асқан. Қаржы пирамидаларының басты ерекшелігі – олардың нақты өндіріс, сауда немесе инвестициялық қызметпен пайда таппауында, – деп мәлімдейді облыс прокуратурасы. Мұндай жүйелерде алғашқы қатысушыларға төленетін қаржы кейін қосылған адамдардың салымдары арқылы беріледі. Сондықтан, жаңа

қатысушылардың легі тоқтаған сәтте жүйе де күйреп, адамдар жинаған-тергенінен айырылып қалады.

Құқық қорғау органдары әшкерелеген осындай схемалардың бірі – «Такофр» қаржы пирамидасы. Ұйымдастырушылар азаматтарға салған қаражаттарын қысқа мерзім ішінде екі есеге дейін көбейтуге болатынын айтып, жоғары табысқа қызықтырған.

Сонымен қатар қатысушыларға төленетін сыйақы жаңа адамдарды тарту көрсеткішіне және олардың белсенділігіне байланысты болған. Тергеу барысында күдіктілердің иелігіндегі 32 мың АҚШ долла-



рынан астам сомаға тең криптовалютаға тыйым салынды. Бұл қаражаттың заңсыз жолмен алынған болуы мүмкін екені тексерілді. Іс сотқа жолданып, нәтижесінде аза-

мат «М» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 217-бабының 2-бөлігінің 1 және 4-тармақтары бойынша кінәлі деп танылды. Сот оған 3 жыл 6 ай мерзімге бас

бостандығынан айыру жазасын тағайындады. Алайда, үкім әзірге заңды күшіне енген жоқ.

► 5-бет

# Маман тапшылығы жойылады

Облыста денсаулық сақтау саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар қарқын алып келеді. Биыл аймақтағы ауруханалар мен емханаларға 500-ге жуық жас медицина қызметкері жұмысқа орналасып, тұрғындарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға өз үлесін қоспақ.



Жәлел ШАҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақтырақ айтқанда, облыстың денсаулық сақтау ұйымдарына 77 дәрігер-резидент пен орта буындағы 390 маман келеді. Бұл – соңғы жылдары медициналық кадрлар тапшылығын азайту мақсатында қолға алынған жүйелі шаралардың нақты нәтижесі.

Облыс әкімдігінде өткен кеңесте денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжебаев медициналық кадрлармен қамтамасыз ету жөніндегі Жол картасының орындалу барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, казiргi уақытта өнiрдiң мемлекеттiк медициналық ұйымдарында 11 мыңнан астам маман еңбек етiп жатыр. Дегенмен, әсiресе, шалғай ауылдар мен кейбiр тар бейiндi мамандықтар бойынша кадр тапшылығы әлi де өзектi мәселелердiң қатарында.

Осыған байланысты, облыста жергiлiктi кадрларды даярлауға ерекше назар

аударылуда. Қарағанды медицина университетi мен медициналық колледждердiң түлектерiн өнiрде қалдыру, олардың еңбек жолын туған өлкесiнде бастауына жағдай жасау – басты мiндеттiң бiрi. Биыл резидентураны тәмамдайтын 77 түлек алдын ала медициналық ұйымдарға бекiтiлiп, болашақ жұмыс орындары анықталған.

Жас мамандардың жаңа ортаға тез бейiмделуi үшiн тәлiмгерлiк институты да белсендi жұмыс iстейдi. Тәжiрiбелi дәрiгерлер мен сала ардагерлерi жастарға кәсiби қолдау көрсетiп, олардың бiлiктiлiгiн шыңдауға көмектеседi.

Медицина қызметкерлерiн әлеуметтiк қолдау мәселесi де назардан тыс қалған жоқ. Аймақта көтерме жәрдемақы төлеу, коммуналдық шығындарды өтеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету сияқты бiрқатар ынталандыру тетiктерi қарастырылған. Бұл шаралар жас мамандарды тарта отырып, олардың өнiрде тұрақтап қалуына да ықпал етiп отыр.

Самат Кенжебаевтың мәлiметiнше,



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жол картасы аясында биыл медицина қызметкерлеріне 80 қызметтік пәтер беру жоспарланған. Сонымен бірге, қалалар мен аудандарда келетін мамандар үшін тұрғын үй қорының арнайы резерві қалыптастырылған.

Бүгінде облыстық бюджет пен медициналық ұйымдардың қаржысы есебінен резидентурада кадр даярлау жұмыстары жалғасуда. Бұл бастамалар алдағы жылдары дәрігер тапшылығын едәуір төмендетіп, халыққа көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың айтуынша, денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі ең алдымен ондағы мамандардың кәсіби деңгейі мен жеткілікті болуына байланысты.

– Біз медициналық кадрларды тарту және оларды өнiрде тұрақтандыру үшiн барлық қажеттi жағдайды жасауға күш салып келемiз. Әлеуметтiк қолдау шаралары кезең-кезеңiмен кеңейтiлiп жатыр. Өйткенi, басты мiндет – облыстың әр тұрғынына, қай елдiмекенде тұрса да, сапалы әрi қолжетiмдi медициналық көмек көрсету, – дедi аймақ басшысы.

Сарапшылардың пiкiрiнше, жас мамандардың өнiрге көптеп келуi денсаулық сақтау саласындағы кадрлық әлеуеттi нығайтып қана қоймай, ауылдық жерлердегi медициналық қызметтiң қолжетiмдiлiгiн арттыруға да оң әсер етедi. Бұл өз кезегiнде тұрғындардың өмiр сапасын жақсартуға және халық денсаулығын нығайтуға бағытталған маңызды қадамдардың бiрi болмақ. Бұл – өте өзектi мәселе. Осындай қолдауға ие болғанын қуантады. Барлық жағдайын жасап берсе, жас мамандар құлшына жұмыс iстейдi.

Суреттi түсiрген  
Жангелдi ӘБДІҒАЛЫМ

• БРИФИНГ

## Әр азаматтың ортақ міндеті

Табиғатты қорғау – бүгінгі қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі. Қоршаған ортаның тазалығы, табиғи ресурстардың сақталуы және жануарлар дүниесінің қорғалуы болашақ ұрпақтың өмір сапасына тікелей әсер етеді. Осы мақсатта елімізде жыл сайын түрлі экологиялық және табиғат қорғау шаралары ұйымдастырылып келеді. Солардың қатарында «Уылдырық шашу» және «Таза су айдындары» акциялары ерекше орын алады. Биыл бұл акциялар Қарағанды және Ұлытау облыстары аумағында өткізілді.

2026 жылғы «Уылдырық шашу» табиғат қорғау акциясы 15 сәуір мен 31 мамыр аралығында өтті. Акцияның басты мақсаты – балықтардың табиғи көбею кезеңінде олардың қорғалуын қамтамасыз ету, балық қорын сақтау және заңсыз балық аулаудың алдын алу. Уылдырық шашу кезеңі балықтардың көбеюіндегі ең маңызды уақыт болғандықтан, бұл мезгілде табиғи тепе-теңдікті сақтау ерекше бақылауға алынады.

Нұра-Сарысу облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Бекзат Маханов акцияның қорытындылары туралы баяндады. Оның айтуынша, табиғат қорғау іс-шаралары кезінде инспекция қызметкерлері құқық қорғау органдарымен және өзге де уәкілетті мекемелермен бірлесіп жұмыс жүргізген. Су айдындарында күн сайын бақылау күшейтіліп, заң бұзушылықтардың алдын алу мақсатында тұрақты рейдтік шаралар ұйымдастырылған.

Акция барысында инспекция бақылауындағы аумақта жалпы саны 50-ден астам рейдтік іс-шара өткізілді. Оның ішінде, 12 рейд құқық қорғау органдары және басқа да мемлекеттік мекемелермен бірлесіп ұйымдастырылды. Сонымен қатар, тұрғындар мен балық шаруашылығы субъектілері арасында табиғатты қорғау заңнамасын түсіндіруге бағытталған 38 түсіндіру жұмысы жүргізілген.

Жүргізілген бақылау іс-шараларының нәтижесінде Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңнамасын бұзудың 113 дерегі анықталған. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8 пайызға жоғары болып отыр. Мамандардың пікірінше, мұндай өсім бір жағынан құқық бұзушылықтардың әлі де кездесетінін көрсетсе, екінші жағынан бақылау жұмыстарының тиімділігінің артқанын аңғартады. Анықталған құқық

бұзушылықтардың ішінде балық аулаудың тыйым салынған құралдарын пайдалануға байланысты деректер де бар. Осыған байланысты 5 әкімшілік материал сотқа жолданып, заң талаптарына сәйкес қарауға жіберілген. Мұндай шаралар заңсыз балық аулаумен күресуге және табиғи ресурстарды сақтауға бағытталған.

Балық қоры – еліміздің маңызды табиғи байлықтарының бірі. Сондықтан, оны қорғау тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әр азаматтың жауапкершілігі болып табылады. Заңсыз балық аулау су экожүйесіне зиян келтіріп қана қоймай, балықтардың табиғи көбеюіне де кері әсер етеді. Осы себепті уылдырық шашу кезеңінде белгіленген талаптарды сақтау ерекше маңызды.

«Қарағанды ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі жедел тобының басшысы Нұрлан Байжұманов табиғат қорғау жұмыстарының маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, соңғы жылдары экологиялық акцияларға азаматтардың қатысуы белсенділігі артып келеді. Бұл қоғамның қоршаған орта мәселелеріне деген жауапкершілігінің күшейгенін көрсетеді.

Бекзат Болатұлы табиғатты қорғау шараларының бір күндік науқан емес екенін ерекше атап өтті. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» акциясы бірнеше жылдан бері жалғасып келеді және оның негізгі мақсаты – халық арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Экологиялық тәртіпті сақтау, табиғатқа жанашырлықпен қарау және қоғамдық орындардың тазалығына жауапкершілікпен қарау – осы бастаманың негізгі қағидалары.

Жанерке ТӨЛЕУБАЙ,  
ҚарҰУ-дың II курс студенті

# Қоғамдық маңызы зор қағидат

Қазақстанда заң үстемдігін нығайту мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының біріне айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы азаматтардың құқықтарын қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталған. Осы мақсатта Қарағанды қаласының Орталық саябағында өткен «Заң мен тәртіп аумағы» облыстық жастар квест-ойыны «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын ілгерілетудегі нақты қадамдардың бірі ретінде ерекше әсер қалдырды.

Аида ПАХЫМҚҰЛОВА,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара облыс прокуратурасы жанындағы «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету жөніндегі Жобалық офис жүзеге асырып жатқан «Құқықтық тәртіп әліпбиі» жобасы аясында ұйымдастырылды.

Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов және облыс прокуратурасының орынбасары Еділ Жұбанов қатысты. Барлық қала-аудандарынан жиналған 10 команда сапында 100-ден астам жасөспірім қатысып, өз білімдері мен қабілеттерін сынады.

Квесттің ашылу салтанатында жастарға заң талаптарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін білу, қоғамдық тәртіпке жауапкершілікпен қараудың маңызы түсіндірілді.

Сонымен қатар, арнайы мақсаттағы жасақ қызметкерлерінің жауынгерлік өнер көрсетуі мен кинологиялық қызметтің қызметтік иттері қатысқан көрсетілім көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Арнайы техникалар көрсетілімде құқық қорғау және құтқару қызметтерінің күнделікті жұмысымен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді.

Әлібек Әлденей Мемлекет басшысы ұсынған «Заң мен тәртіп» қағидаты әділетті қоғамның негізгі тіректерінің бірі екенін айтып, заңға құрмет көрсету әр азаматтың міндеті екенін жеткізді.

– Бүгінгі шараға Қарағанды облысы-



ның түпкір-түпкірінен келген белсенді жастар жиналып отыр. Әрқайсысының таңдаған жолдарыңыз бөлек, армандарыңыз бен мақсаттарыңыз да әртүрлі. Дегенмен, барлығыңызды біріктіретін ортақ қасиет бар – ол қоғам өміріне бейжай қарамайтын жауапкершілік. Ал, жауапкершілік бар жерде азаматтық ұстаным қалыптасады. Бүгінгі квестке қатысудың өзі осы жолдағы алғашқы қадамдардың бірі. Жалпы, сіздер өте қызық кезеңде өмір сүріп жатырсыздар. Жаңа технологиялар дамыған заманда кез келген апараты бірнеше секундта табуға болады. Жасанды интеллект те көптеген мүмкіндіктер беріп отыр. Алайда, өмірде дайын жауап табыла бермейтін жағдайлар жиі кездеседі. Ондайда Google де, жасанды интеллект те көмектеспейді, шешім қабылдау жауапкершілігі өзіңізге жүктеледі. Бүгінгі квест сендерге осындай жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға үйретеді. Атап айтсақ, сендер құқық қорғау органдарының, құтқарушылардың, медицина қызметкерлерінің және мемлекеттік құрылымдардың жұмысымен танысасыздар. Түрлі жағдайларды талдап,

өздеріңізді сынап көресіздер. Өйткені, қауіпсіз қоғам кездейсоқ қалыптаспайды, ол әр адамның әрекетінен, заңға деген құрметінен және өз ісіне деген жауапкершілігінен құралады. Биыл халқымыз маңызды таңдау жасап, референдум арқылы жаңа Конституцияны қабылдады. Оның басты қағидаттарының бірі – «Заң мен тәртіп». Бұл – қауіпсіз әрі әділетті қоғамның негізі. Ал, бүгінгі квест сол қағидаттың өмірдегі мәнін түсінуге мүмкіндік береді, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Ал, облыс прокуратурасының орынбасары Еділ Жұбанов жастарға арнаған сөзінде бүгінгі шараның басты мақсаты құқық қорғау органдарының қызметін таныстыру ғана емес, жастардың болашақ мамандық таңдауына бағыт-бағдар беру екенін атап өтті.

– Өздеріңіз білетіндей, мемлекет «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыруда. Ол халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға және қылымсыз күресуге бағытталған. Қауіпсіз Қазақстанды құруда жастарға ерекше рөл жүктеледі. Мемлекет басшысы айтқандай, «біздің еліміздің бо-

лашағы қандай болатыны өскелең ұрпаққа байланысты». Уақыт өте жылдам өзгеруде. Біз қазір 10-20 жыл бұрынғыдан мүлде бөлек заманда өмір сүріп отырмыз. Жаңа қауіптер пайда болуда. Бұл, ең алдымен, интернет технологиялары мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуына байланысты. Соның салдарынан қылмыстың да түрі өзгерді. Осындай жағдайда жана тәсілдер мен тың көзқарас аса маңызды. Ерекше ойлау, шығармашылық бастама және әділеттілік сезімі жастарға тән қасиет. Сіздерге үлкен үміт артылады. Бүгін сіздерді қызықты экскурсия күтіп тұр.



Егер араларыңыздан болашақта қоғамға қызмет етуді таңдағандар болса, біз әрқашан қуаныштымыз. Біздің өсіміз сіздер үшін әрдайым ашық, – деді Еділ Жұбанов.

Квест барысында қатысушылар бірнеше тақырыптық станцияларда түрлі тапсырмаларды орындады. Прокуратура ұйымдастырған алаңда құқықтық мәдениет пен заңдылық қағидаттары түсіндірілсе, Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында курсанттардың оқу процесімен танысуға мүмкіндік жасалды.

Төтенше жағдайлар қызметінің бөлімшелерінде алғашқы құтқару әрекеттері

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП  
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

көрсетіліп, Ұлттық ұлан бөлімінде әскери қызметтің ерекшеліктері таныстырылды. Ал, жедел медициналық жәрдем станциясында қатысушылар алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін тәжірибе жүзінде меңгерді.

Бұл іс-шараның ерекшелігі – жастарға құқық қорғау органдарының жұмысын дөріс немесе баяндама арқылы емес, тәжірибе арқылы көрсетуінде. Әр станцияда қатысушылар нақты тапсырмалар орындап, түрлі сала мамандарымен еркін

пікір алмасты. Мұндай формат жастардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың құқықтық сауатын көтеруге де ықпал етеді.

Бүгінде «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы тек құқық қорғау органдарының жұмысына ғана қатысты емес. Ол – әр азаматтың заңға құрметпен қарап, қоғамдық тәртіпті сақтауға өз үлесін қосудың көздейтін маңызды қоғамдық қағидат. Заң үстемдік құрған жерде әділеттілік, тұрақтылық және қауіпсіздік қамтамасыз етіледі.

Сурет ұйымдастырушылардан

# Су үнемдеген өнімін еселейді

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сондай-ақ, су алу құрылыстары мен сорғы станцияларының жабдықтары жаңартылды. Былтыр облыста ауызсу және су беру инфрақұрылымын жаңғыртуға 15 млрд теңге бөлінсе, оның 5 млрд теңгесі ауылдық елдімекендерге бағытталды.

Келер жылы да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады. Биыл Қарқаралы, Бұқар жырау, Ақтоғай және Шет аудандарының ауылдық елдімекендерінде су құбыры желілерін салу және қайта жаңғырту жобалары жүзеге асырылмақ. Бұл жобалар ауылдағы су жүйесінің сенімділігін арттырып, тозған желілерді кезең-кезеңімен жаңартуға бағытталған.

## Суармалы егіншілікте қандай технологиялар қолданылады?

Ауылдағы ауызсу жүйесі бір жағынан халықтың тұрмыс сапасын айқындаса, екінші жағынан өңірдің жалпы су қауіпсіздігіне қатысты үлкен мәселенің бір бөлігі ғана. Себебі, Қарағанды облысында суга сұраныс тек елдімекендермен шектелмесе керек. Кейінгі жылдардағы қуаң климат, әсіресе, суармалы егіншілік үшін әр текше метр судың тиімділігі маңызды. Сондықтан, өңірде суармалы жерлерді айналымға енгізу мен су үнемдеу технологияларын кеңейту қатар жүргізіліп келеді.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы өкілдерінің мәліметінше, өңірдегі суармалы жерлердің жалпы көлемі 105,5 мың гектарды құрайды. Оның ішінде, ауыл шаруашылығы құрылымдарына бекітілгені – 84,6 мың гектар. Бұл – жалпы суармалы жер қорының 80 пайызына тең. Қазіргі таңда осы алқаптың 46,5 мың гектары айналымға енгізіліп, нақты пайдаланылды.

– Былтыр 9,6 мың гектар суармалы жер айналымға енгізілді. Биыл суармалы жерлердің көлемін тағы 6,2 мың гектарға ұлғайтып, 52,7 мың гектарға жеткізу жоспарда. Суармалы жерді айналымға енгізу, әсіресе, климаттық төзекел күшейген кезеңде маңызды. Қуаңшылық жылдары табиғи ылғалға ғана сену өнімділікке қауіп төндірді. Ал, суармалы егіншілік шаруаларға өнім көлемін тұрақтандыруға, мал азығы қорын нығайтуға, картоп, көкөніс, дәнді және азықтық дақылдар өндірісін жоспарлы жүргізуге мүмкіндік береді. Бірақ, оның тиімділігі суды қаншалықты үнемдеп пайдалануға тікелей байланысты, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Суармалы жерді көбейту суды көбірек жұмсау дегенді білдірмейді. Керісінше, қазіргі талап – әр гектарға берілетін судың есебін нақтылап, шығынды азайту. Сондықтан, суармалы егіншілікті дамыту су үнемдеу технологияларын енгізумен қатар жүріп келеді.

Басқарма өкілдерінің дерегінше, өңірде су үнемдеу технологияларының ішінде жаңбырлатып суару тәсілі кеңірек қолданылады. Бұл әдіс негізінен картоп, дәнді және азықтық дақылдар алқабында тиімді. Ал, көкөніс және картоп алқаптарында тамшылатып суару тәсілі де енгізіліп жатыр. Яғни, әр дақылдың ерекшелігіне қарай суару жүйесі таңдалады. Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер жаңбырлатып суару көліктерін жаңартуға ден қойған. Қазіргі таңда облыста мұндай техниканың саны 273 бірлікке жетті.

Су үнемдеу технологияларын енгізген шаруашылықтар саны да біріндеп артып келеді. 2023 жылы облыста мұндай шаруашылықтар саны 95 болса, 2024 жылы



101-ге жетті. Басқарма мамандарының мәліметінше, су үнемдеу технологияларын қолданатын шаруашылықтарда өнімділік орта есеппен 15-30 пайызға артады. Су тұтыну көлемі 30-50 пайызға дейін азаяды. Ал, өндірістің жалпы тиімділігі мен табысы 10-25 пайызға дейін жоғарылайды.

## Қай аудандар алда?

Су үнемдеу технологиялары облыстың барлық ауданында бірдей қарқынмен енгізіліп жатқан жоқ. Бұл ең алдымен, әр өңірдің табиғи-климаттық ерекшелігіне, суармалы жер қорының көлеміне, шаруашылықтардың мамандану бағытына және суару инфрақұрылымының мүмкіндігіне байланысты.

Басқарма дерегінше, облыс бойынша су үнемдеу технологияларын қолданатын аудан – Абай ауданы. Мұнда 14,9 мың гектар алқапта тамшылатып және жаңбырлатып суару тәсілдері қолданылады. Одан кейін Бұқар жырау ауданында – 10,4 мың гектар, Осакаров ауданында – 9,1 мың гектар, Нұра ауданында – 8,9 мың гектар алқап су үнемдеу технологияларымен қамтылған. Шет ауданында бұл көрсеткіш 2,5 мың гектарды, Қарқаралы ауданында 350 гектарды құрайды.

Абай ауданында «Шанс» шаруа қожалығы, «Астра Агро» ЖШС, «Достық 2018» ЖШС, «Жанат» өндірістік кооперативі, «Агрофирма Құрма» ЖШС сияқты шаруашылықтар су үнемдеу технологияларын қолданып келеді. Нұра ауданында «Шахтерское» ЖШС, «Черниговское» ЖШС, «Асхат» шаруа қожалығы, «Қоғабаяв» шаруа қожалығы осы бағытта жұмыс жүргізуде. Осакаров ауданында «Евразия Инвест LTD» ЖШС мен «Найдоровское» ЖШС, ал, Бұқар жырау ауданында «Баймырза Агро-2018» ЖШС, «Дарас ЛТД» ЖШС және «Киров атындағы» өндірістік кооперативін атап өтуге болады.

## Шығынның бір бөлігі өтеледі

Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, су үнемдеу технологияларын енгізуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің шығынның бір бөлігі субсидияланады. Қолданыстағы қағидаларға сәйкес, мұндай

шығынның 50 пайызы өтеледі. Сонымен қатар, қаражат болған жағдайда жергілікті бюджет есебінен қосымша 30 пайызға дейін субсидиялау қарастырылған.

Бұдан бөлек, «ҚазАгроФинанс» АҚ және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қызмет бағыты мен қажеттілігіне қарай түрлі қаржылық құралдар мен несие-кезеңімен қаражатқа сатып алмай, кезең-кезеңімен жанаруға мүмкіндік береді.

Былтыр осы бағыттағы мемлекеттік қолдау көлемі – 2 млрд 535,9 млн теңге. Оның ішінде су жеткізу қызметтерінің құнын субсидиялау бағдарламасы аясында 14 ауыл шаруашылығы тауар өндірушіге жалпы сомасы 343,9 млн теңге бөлінген. Ал, су үнемдеу технологияларын енгізуге бағытталған инвестициялық салымдар бойынша, оның ішінде жаңбырлатып суару машиналарын сатып алуға 2 млрд 192 млн теңге субсидияланды.

Әйткенмен, бір ескертін жайт бар. Бұл технологияларға көшу барлық шаруашылық үшін бірдей жеңіл емес. Жабдық құны, құжат рәсімдеу, су көзіне қолжетімділік, электр энергиясына қолжету шығын және сервистік қызмет мәселелері әлі де өзекті. Сондықтан, мемлекеттік қолдау тек қаржы бөлумен шектелмей, шаруаларға түсіндіру, сүйемелдеу және инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарымен қатар жүруі қажет.

Су үнемдеу технологияларының тиімділігі ең алдымен, шаруашылықтың нақты көрсеткішінен байқалады. Дәстүрлі суару тәсілінде судың бір бөлігі топыраққа сіңбей, буланып немесе артық ағып кетуі мүмкін. Ал, жаңбырлатып және тамшылатып суару жүйелері суды дақылдың қажетіне қарай дәл мөлшермен беруге мүмкіндік жасайды.

Мұндай технологиялардың тағы бір артықшылығы – шаруашылыққа өндірісті алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді. Су бірқалып берілген жерде дақылдың өсуі де тұрақты. Бұл әсіресе, картоп, көкөніс және азықтық дақылдар үшін маңызды. Өнім көлемі тұрақтанған сайын шаруашылықтың нарыққа шығу мүмкіндігі де артады, ал мал азығы қорының нығаюы мал шаруашылығындағы түйткілді тарқатады.

Су үнемдеу жүйелері климаттық өзгерістер жағдайында да өзекті. Қуаңшылық жылдары табиғи ылғал жеткіліксіз болуы мүмкін. Мұндай кезде жаңбырлатып немесе тамшылатып суару жүйесі егістікті сақтап қалудың маңызды құралына айналады.

Дегенмен, тиімділік әр шаруашылықта бірдей бола бермейді. Ол су көзінің тұрақтылығына, техниканың сапасына, электр энергиясына, агрономиялық күтімге және шаруашылықтың суару тәртібіне байланысты. Яғни, су үнемдеу технологиясын орнату – жеткіліксіз. Оны дұрыс пайдалану, жүйелі күтіп ұстау және су есебін нақты жүргізу де маңызды.

## Келері неде?

Су үнемдеу технологияларының тиімділігі айқын болғанымен, оны барлық шаруашылыққа бірдей енгізу оңай емес. Бұл бағыттағы басты мәселе – технологияның қымбаттығы ғана емес, суармалы егіншілікке қажетті тұтас инфрақұрылымның жағдайы.

Басқарма дерегінше, кей өңірлерде суармалы егіншілікті дамытуға су ресурстарының шектеулілігі, суару инфрақұрылымының тозуы, су үнемдеу технологияларының қымбаттығы және суды жеткізуге жұмсалатын электр энергиясы шығындарының жоғары болуы келері келтіреді. Сонымен қатар, су шаруашылығы нысандарын жаңғырту және заманауи суару жүйелерін кеңінен енгізу қажеттілігі сақталып отыр.

Бұл мәселелер бір-бірімен тығыз байланысты. Мәселен, су көзі жеткілікті болғанымен, оны егістікке жеткізетін құбыр немесе канал тозған болса, шығын көбейеді. Суару жүйесі жаңа болғанымен, электр энергиясына қолжету шығын жоғары болса, шаруашылықтың өндірістік шығыны артады. Ал, техника қымбат болған жағдайда ұсақ және орта шаруашылықтар су үнемдеу технологиясына бірден көше алмайды.

Ауылдық елдімекендерді ауызсумен қамту жүйесінде де ұқсас мәселе бар. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, облыс бойынша су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 4 895,51 шақырымды құрайды, орташа тозу деңгейі – 45,8 пайыз. Жекелеген елдімекендерде желілердің тозуы, су көздері дебитінің төмендеуі, электр энергиясының

үзілуі немесе апаттық жағдайлар уақытша шектеулерге себеп болуы мүмкін.

– Ауылдық елдімекендерді сумен жабдықтаудың негізгі су көздері ретінде жерасты сулары пайдаланылады. Су тұтынушыларға су көбіне ұңғымалар арқылы алынатын жерасты су көздерінен жеткізіледі. Сондықтан, су көздерін тиімді пайдалану, инфрақұрылымды кезең-кезеңімен жаңғырту және су шығындарын азайту маңызды. Облыс үшін алдағы жылдардағы негізгі міндеттердің бірі – сумен жабдықтау инфрақұрылымының тозу деңгейін төмендету, – дейді Бақытбек Ақпаров.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы су пайдалану мен елдімекендерді ауызсумен қамту жүйелері де белгілі бір деңгейде ортақ су ресурстарына тәуелді. Әсіресе, жаз мезгілінде егістік пен мал шаруашылығында су тұтыну артып, су көздеріне түсетін жүктеме көбейеді. Бұл су есебін нақты жүргізудің, су шығынын азайтудың және әр салада үнем мәдениетін қалыптастырудың маңызын арттырады.

## Тәжірибе сөйлесін

Су үнемдеу технологиясының нақты нәтижесін шаруашылық тәжірибесінен көре аламыз. Қарқаралы ауданындағы «Атамекен» шаруа қожалығы кейінгі жылдары дәстүрлі дақылдармен шектелмей, ауыл шаруашылығын әртарапандыруға бет бұрған. Қожалық жетекшісі Сламбек Хидаятұлы былтыр аудан тарихында алғаш рет 300 гектар жерге құнбағыс екті.

Қожалыққа 1130 гектар суармалы жер тиесілі. Қазіргі таңда шаруашылықта 5 суару техникасы жұмыс істеп тұр. Алдағы уақытта егілетін дәнді дақыл түріне қарай техниканы көбейту жоспарланған. Қазір Ақбулақ өзенінен тартылған су арқылы 500 гектар алқап суарылып жатыр. Шаруашылық несиіні айтуынша, мұндай техника егістікті тиімді әрі үнемді суаруға мүмкіндік береді.

– Су үнемдеу қашан да өзектілігін жоймайды. Әсіресе, экологиялық ахуал күрделеніп тұрған тұста технологияны тиімді қолданып, оның тиімін менгеруіміз қажет. Егінжайдың іргесінде өзен болғанымен, суды оңды-солды пайдалана беруге болмайды. Ертеңнің де қамын ойлау керек. Су бар деп ысырап жасауға болмайды, – дейді шаруашылық иесі.

Су үнемдеу технологиялары туралы айтқанда, әңгіме тек егістік басындағы техниканы шектелмейді тиіс. Су ресурсын ұтымды пайдалану мәдениеті ауылдағы әр үйдің тұтыну тәртібінен де, шаруашылықтың суару жүйесінен де басталады. Бір жерде су есептегіш құралдары нақты тұтынуды бақылауға мүмкіндік берсе, екінші жерде жаңбырлатып немесе тамшылатып суару жүйелері әр гектарға берілетін судың мөлшерін реттейді.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, халық арасында су ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Сонымен қатар, сумен жабдықтау ұйымдары тұтынушыларды су есептеу құралдарымен қамту, оларды уақытылы тексеру және есепке алу жүйесін жетілдіру бағытында жұмыс атқарып келеді. Мұндай құралдар тұтынылған судың көлемін нақты есепке алып, ысырапты азайтуға ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығында да осы қағида өзекті. Суармалы жер көлемі ұлғайған сайын суды есепсіз жұмсау мүмкіндігі азаюу тиіс. Өйткені, су көздері шектеулі жағдайда әрбір текше метр судың қайтарымы маңызды.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## • ӨЗЕКТІ

# Жеделсаты жаңаратын күн бар ма?

Қарағандыдағы көп үйдің бүгінде жеделсатысы екі пінінен дем алып, темірі тозып тұрғаны өтірік емес. Келмеске кеткен кенес кезін көзге елестететін олар жаңа ғасырда толық жаңара қоймады. Көпқабатты тұрғын үйдің тұрғыны үшін лифт – күнделікті өмірдің аса бір қажеттілігі. Әсіресе, жоғары қабаттарда тұратын қарттар, мүмкіндігі шектеулі жандар мен кішкентай баласы бар отбасылар үшін оның орны ала бөтен. Алайда, көптеген тұрғын күн сайын әбден ескірген, техникалық мерзімі әлдеқашан өткен лифтілерді пайдалануға мәжбүр.

Аймақта тозығы жеткен лифтілер мәселесі әлі де өзекті. Тұрғын үй қорын жаңғырту орталығының дерегінше, өңірде 600-ден астам жеделсатының пайдалану мерзімі өтіп кеткен. Олардың дені кенес дәуірінде орнатылған. Бүгінде оның тұрғындарға қауіп төндіріп тұрғаны жасырын емес.

Осы орталық өңірде 150-ден астам лифт мүлде тоқтап тұрғаны айтады. Ал, 400-ден аса жеделсатының техникалық мерзімі әлдеқашан аяқталған. Десек те, тұрғындар амалсыздан оны тұтынып келеді. Күнделікті пайдалануға мәжбүр.

Мамандар ескі лифтілердің көпшілігін қайта қалпына келтіру мүмкін емес екендігін жеткізіп отыр. Себебі, қажетті қосалқы бөлшектер, қазір өндірілмейді. Түбегейлі жаңарту – уақыт талабы.

– Көбі 40-50 жыл бұрын орнатылған. Жыл өткен сайын оларды пайдалану қа-

уіпті болып барады. Себебі, металы шіріп кеткен, көтергіш механизмі тозған. Қайта жөндеу мүмкін емес. Сондықтан, жаппай жаңалаған жөн, – дейді Тұрғын үй қорын жаңғырту орталығының директоры Данияр Дүйсембаев.

Лифт қауіпсіздігі мәселесін көтергенде мамандар жаңа және ескі жеделсатылардың арасындағы айырмашылыққа ерекше назар аударады. Қазақстандағы лифт жабдықтарын жеткізумен және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын Lift.kz компаниясының мәліметінше, заманауи лифтілер бұрынғы үлгідегі жеделсатыларға қарағанда әлдеқайда қауіпсіз жүйелермен жабдықталған. Олардың қатарында жылдамдықты автоматты түрде шектейтін құрылғылар, шахтадағы қорғаныс буферлері, кабинаның қозғалысын толық бақылайтын автоматика және ауа қысымын реттейтін жүйелер бар.

Тұрғындар арасында кең тараған «лифт үзіліп кетеді» деген қорқыныш қазіргі технологиялар жағдайында сирек кездесетін жағдайлардың бірі. Себебі, заманауи жабдықтарда кабина қозғалысын бақылайтын бірнеше деңгейлі қорғаныс жүйелері қарастырылған. Жаңа әрі техникалық талаптарға сай лифт – баспалдақпен жүруден де қауіпсіз көлік түрлерінің бірі.

Қауіпсіздік ережелерінде лифтіні пайдалану мәдениетінің де маңызы ерекше. Атап айтқанда, кабинаға шамадан тыс адам мінгізбеу, жабылып жатқан есікті қолмен немесе аяқпен тоқтатпау, өрт кезінде лифт пайдаланбау және жеделсаты ішінде қалып қойған жағдайда өздігінен шығуға әрекет жасамау қажеттігі ескертіледі. Көптеген техникалық ақаулардың туындауына тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын сақтамауы да әсер етеді. Лифт қауіпсіздігі мәселесін тек техникалық тозумен байланыстыру жеткіліксіз. Мәселе үш негізгі фактордан тұрады: жабдықтың ескіруі, техникалық қызмет көрсетудің сапасы және тұрғындардың пайдалану мәдениеті. Егер осы үш бағыт қатар назарға алынбаса, лифт шаруашылығындағы түйткіл толық шешімін таппайды.

– Еліміздегі лифт шаруашылығы ұзақ

жылдар бойы қордаланған мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Қазіргі таңда көпқабатты тұрғын үйлердегі жеделсатылардың пайдалану мерзімі әлдеқашан аяқталған. Норматив бойынша лифтінің қызмет ету мерзімі – 25 жыл. Осы уақыт өткеннен кейін жабдық міндетті түрде техникалық сараптамадан өтіп, әрі қарай пайдалану мүмкіндігі анықталуы тиіс. Алайда, іс жүзінде көптеген үйлерде бұл талап толық орындалмайды, – дейді Қазақстан лифтішілері ұлттық қауымдастығының президенті Ержан Игібаев.

Қарағандыдағы тозығы жеткен жеделсатылар мәселесі тұрғындардың күнделікті қолына жетпейтін ғана шектелмейді. Бұл – азаматтардың қауіпсіздігіне, өмір сапасына және тұрғын үй инфрақұрылымының сенімділігіне тікелей әсер ететін өзекті мәселе. Сондықтан, ескі лифтілерді кезең-кезеңімен ауыстырумен қатар, оларды тұрақты техникалық бақылаудан өткізу және тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру да маңызды міндет болып қала береді.

Лифт тоқтап қалған жағдайда тұрғындар ең алдымен сабыр сақтауы тиіс. Кабинадан өздігінен шығуға немесе есікті күштеп ашуға әрекет жасау қауіпті. Мұндай жағдайда апаттық байланыс батырма-

сы арқылы диспетчермен хабарласып, арнайы мамандардың келуін күткен дұрыс. Егер байланыс орнату мүмкін болмаса, 112 нөміріне қоңырау шалу қажет.

Ашық дереккөздегі мәліметтер, жеделсатыларды ауыстыру мемлекеттік бағдарлама аясында кезең-кезеңімен жүргізілуде екенін айтады. Тұрғындарға лифт құнын сегіз жылға дейін бөліп төлеуге мүмкіндік беретін бағдарлама да бар. Былтыр облыста 51 лифт жаңартылса, биыл Қарағанды мен Теміртау қалаларында тағы 25 жеделсатыны ауыстыру көзделген.

Деректер енді Алматы мен Астанадағы отандық өндіріс орындарынан сатып алынатынын да айтады. Бұл өз кезегінде отандық өнімге қолдау көрсетіп, өңірдегі ескі жеделсатылар мәселесін біртіндеп шешуге жол ашады. Себебі, бұл мәселе коммуналдық шаруашылықтағы кезекті түйткіл емес, адам өмірімен тікелей байланысты.

Бүгін назардан тыс қалған ақау ертең орны толмас қайғыға ұласуы мүмкін. Жеделсаты – жайлылықтың емес, ең алдымен, қауіпсіздіктің кепілі.

Дана НУРЖАНОВА, ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

• ИНКЛЮЗИЯ

# Ерекше баланың өз әлемі бар

Соңғы жылдары Қазақстанда психикалық дамудың тежелуі (ПДТ) және сөйлеу тілінің дамуының тежелуі (СТДТ) диагнозы қойылған балалар санының артуы қоғам назарын өзіне аударып отыр. Мамандар сөйлеу, ойлау және танымдық қабілеттердің кешігуіне мектепке дейінгі жаста жиі анықталатынын айтады. Бұл құбылыс ата-аналарды ғана емес, дәрігерлер мен педагогтарды да алаңдатууда. Баласының бойынан диагноз белгілерін анықтаған ата-ана алғашқы медициналық шикты еңсергеннен кейін бұдан да үлкен әлеуметтік вакуумға тап болады. Психологиялық дамуының тежелуі – баланың болашағына қойылған үкім емес. Алайда, оны ерте анықтап, дер кезінде қолдау көрсету маңызды. Сондықтан, бұл мәселенің себебі мен салдарын түсіну бүгінгі қоғам үшін өзекті болып отыр.

Қазақстан заңнамасына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр баланың жалпы білім беретін мектепте білім алуға толық құқығы бар. Мемлекет инклюзивті білім беруді қолдайды. Алайда, заң мен мектептегі шынайы өмірдің арасында әлі де үлкен алшақтық бар. Облыстық білім басқармасының дерегіне сүйенсек, қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар 17 673 бала тіркелген. Олардың 92,1 пайызы, яғни, 16 283-і – арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған. Бұл өңірде инклюзивті білім беруді дамыту бағытында жүйелі жұмыстардың жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Аталған балалардың 3 474-і бала-бақшаларда тәрбиеленсе, 8 818-і жалпы білім беретін мектептерде білім алады. Сондай-ақ, 1 500 бала – арнайы мектеп-интернаттарда, 774-і – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, 950-і – арнайы білім беру ұйымдарында, ал, 767-сі – әлеуметтік қолдау мекемелерінде оқып жатыр. 887 бала үйде білім алады. Оның ішінде, 228 бала арнайы мектеп-интернаттардың бағдарламалары бойынша оқытылса, 659 бала жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасымен қамтылған. Облыста инклюзивті білім беру инфрақұрылымы кезең-кезеңімен кеңейтіліп келеді. Бүгінде 21 мектепке дейінгі ұйымдағы 69 арнайы топта 683 бала тәрбиеленуде. 14 білім беру ұйымында ашылған 47 арнайы сыныпта 354 оқушы білім алып жатыр. Соңғы жылдары арнайы білім беру ұйымдарының желісін кеңейтуге ерекше көңіл

бөлінуде. 2025-2026 жылдары Қарағанды қаласында, Бұқар жырау және Шет аудандарында жаңа психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері ашылды. Қазіргі уақытта, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту және қажетті құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

– Бүгінде облыс аумағында 63 арнайы білім беру қолдау кабинеті жұмыс істейді. Олар Қарағанды, Теміртау, Шахтинск, Балқаш қаласы мен бірқатар аудандарды қамтып отыр. Мұндай кабинеттердің ашылуы балалардың тұрғылықты жеріне жақын жерде қажетті көмек алуына мүмкіндік береді. Ерекше назар ерте жастағы балаларды қолдауға аударылған. «Уақыт мүмкіндіктері» жобасы аясында Қарағанды, Шахтинск және Саран қаласында 0-ден 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте араласу кабинеті жабдықталып, мамандар арнайы даярлықтан өтті. Бұл бастама даму ерекшеліктерін ерте анықтап, дер кезінде түзету жұмыстарын жүргізуге жол ашады. Сондай-ақ, 2029 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы аясында облыста инклюзивті білім беруді қолдайтын 12 ресурстық орталық жасалып отыр. Олардың басым бөлігі арнайы мектеп-интернаттар базасында және аутизмді бар балаларды қолдау орталығында орналасады, – деді облыстық білім басқармасының бас маманы Галина Абишева.

Дегенмен, инфрақұрылым мен мемлекеттік қолдаудың артуына қарамастан, ата-аналарды алаңдатын мәселелер аз емес. Көп



ата-ананың көкейінде «Балам оқу бағдарламасын толық меңгере ала ма?», «Сыныптағы басқа оқушылармен қатар білім алып кете ме?», «Мүғалім оған жеткілікті көңіл бөле ала ма?» деген сауалдар туындайды.

Мамандардың айтуынша, ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың мектепке сәтті бейімделуі үшін тьюторлық қолдау мен психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі тиімді жұмыс істеуі қажет. Әсіресе, жеңіл және орташа дәрежедегі даму ерекшеліктері бар балалар мектеп жасына дейінгі оңалту және түзету бағдарламаларынан уақытылы өтсе, жалпы білім беру бағдарламасына бейімделу мүмкіндігі айтарлықтай артады. Дегенмен, нейрокоррекциолог және нейро-массажист Айдана Мақсұтқызы соңғы жылдары даму ерекшеліктері бар балалар саны артып келе жатқандығын баса айтты.

– Негізгі фактор – гаджеттерге тәуелділік. Ата-аналардың шектен тыс қамқорлығы және бар. Дерттің нақты себебі әлі де толық зерттелмеген. Осы уақытқа дейін тәжірибеде әртүрлі клиникалық диагнозы бар балалармен жұмыс істеп, оңалтуда жоғары нәтиже-

лерге қол жеткіздім. Жұмыс барысында әр баланың жеке ерекшелігіне қарай диагностика жасап, мидың нейрондық байланыстарын қалпына келтіру үшін баланың ішкі ресурстарын тиімді пайдаланамын. Нәтижесінде, көптеген балалар эхолалия кезеңінен өтіп, саналы түрде сөйлеу денгейіне шықты. Мәселен, ПДТ мен СТДТ диагнозы қойылған алғашқы оқушыларым қазіргі уақытта жалпы білім беретін мектептерде I және 3-сыныпты сәтті аяқтады. Биыл тағы тоғыз баланың мектеп табалдырығын аттауына ықпал еттім. Тіпті, мүғалімдердің өзі «Қалыпты балаларға қарағанда, осы ерекше балалар сабақты жақсы оқиды» деп таңғалғанын жасырманды, – деді Айдана Мақсұтқызы.

Психикалық дамудың тежелуі мен сөйлеу тілінің дамуының тежелуі диагнозы қойылған балалардың ең үлкен кедергілерінің бірі – коммуникацияның бұзылуы. Яғни, сөздік қоры шектеліп, эмоциясын басқара алмайды. Қатарластарымен қарым-қатынас орнатуда, ортақ ойындарға қатысуға және достық байланыс құруда қиындықтарға тап болады. Ал, бұл арада мәселе тек ерекше балада емес, ортаның мәдениеті

де бар. Бала – қоғамның айнасы. Егер, сыныпта, отбасында және қоғамдық ортада өзгешелікке деген төзімділік, түсіністік қалыптаспаса, ерекше бала оқшаулануы қалуы мүмкін. Алайда, психологтардың зерттеуіне сүйенсек, ересектерге қарағанда бастауыш сынып оқушылары ерекше балаларды тез қабылдайды екен.

Ата-ананы мазалайтын тағы бір жайт – мектептегі буллинг. Сөйлеуі бұзылған, тұтығатын, ақпаратты баяу қабылдайтын бала кей ортада қатарластарының мазағына ұшырап, психологиялық қысым көруі мүмкін. Әсіресе, сөйлеу тілінің дамуының тежелуі диагнозы бар балалар өздеріне жасалған қиянатты немесе ренішті толық жеткізе алмайды. Мұндай жағдайлар үрей, сенімсіздік, тұйықтық және мектепке деген қорқыныш сезімін қалыптастырады. Сондықтан, мектептегі антибуллингтік бағдарламалар қағаз жүзінде ғана емес, нақты тәжірибе жүзеге асырылуы тиіс.

– Диагнозы бар балалардан сабақта оза, академиялық дағдылары жоғары шәкірт шығады. Жеке коррекциялық жұмыстан өткен балаларды қоғамға бейімдеу, яғни, социумға қосу өте маңызды. Алай-

да, көптеген дамыту орталықтары мен мектепке дейінгі мекемелер мұндай балаларды қабылдаудан бас тартады. Біз мекемелерге басқа балаларға зияны тимейтін, академиялық тұрғыдан толық дайындалған балаларды бағыт-тасак та, бас тарту жағдайлары жиі кездеседі. Бұл ата-аналардың психологиялық күйзеліске тууына әкеп соғады. Сондықтан, арнайы мектепалды даярлық курстары мен әлеуметтендіру кабинеттерін ашқанын қалаймын. Тәжірибеде ерекше балалардың арасында зияткерлік әлеуеті өте жоғары, тіпті, қалыпты дамыған балаларға қарағанда озағ оқушылар өте көп. Олардың бойындағы кейбір синдромдар білім алу үдерісіне және академиялық дағдыларына ешқандай кедергі келтірмейді. Тек бұл балаларға қоғам тарапынан қолдау, дұрыс бағыт-бағдар қажет. Бұл диагноз – ешқандай да шектеу емес. Дер кезінде байқап, кәсіби қолдау көрсетілсе, оңалтуға болады. Баланың сөйлеуі мен ойлауындағы кешеуілдеуді ерте анықтау оның болашақтағы жетістігіне тікелей әсер етеді, – деді нейрокоррекциолог және нейро-массажист маманы.

Бүгінгі диагнозы бар балалар – ертенгі ел азаматы. Егер, оларға дер кезінде қолдау көрсетіліп, ортаға бейімделсе, қоғамның толыққанды, еңбекке қабілетті, белсенді мүшесіне айналады. Тіпті, мұндай диагнозы бар балалар болашақта үлкен жетістіктерге жететінін де ғылым мен тәжірибе дәлелдеп отыр. Ал, егер біз оларды қоғамнан оқшаулап, қорқыныш пен түсінеушіліктің құрбанына айналдырсақ, психологиялық жарақат алған тұтас буын қалыптастыру қаупі бар. Сондықтан, ерекше балалардың болашағы тек ата-ананың ғана емес, мектептің, қоғамның және мемлекеттің ортақ жауапкершілігі. Баланың қауіпсіздігі мен сапалы болашағына бүкіл қоғам болып жауапты екенімізді ұмытпауымыз керек.

Камила ЖЕКСЕНБИНА,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

## Болашақ чемпиондар ұясы

Көмірлі өңірдің спорттық серіні бүгінде тек облыс орталығымен шектелмей, іргелес жатқан аудандарда да кеңінен қанат жайып келеді. Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында бұқаралық спортты дамыту және қолжетімді инфрақұрылым қалыптастыру мақсатында көптеген заманауи спорт кешендері салынып, пайдалануға берілуде. Мұндай кешендер ірі қалаларда да, ауылдық аймақтарда да ашылып жатыр. Соның бірі – Бұқар жырау ауданында жемісті жұмысы істеп тұрған «Арлан» дене шынықтыру – сауықтыру кешені. Бұл нысан бүгінде аудандағы бұқаралық спортты дамытудың ошағына айналған.



Аудандағы кешен, екі жыл бұрын қолданысқа берілген. – «Арлан» спорт кешені 2025 жылдың 13 қаңтарынан бері жұмыс істеп тұр. Бүгінде заманауи спорттық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Спорт кешенінде армстреллинг, асық ату, бокс, бес асық, волейбол, қазақ күресі, садақ ату және үстел теннис секциялары бар. Кешенде 8 кәсіби жаттықтырушы, 223 жасөспірімді спортқа баулиды. Тәлімгерлердің біліктілігі мен жүйелі жұмысының арқасында жергілікті спортшылар аудан, облыс және республикалық деңгейдегі жарыстарда биік белестерді бағындырып келеді. Мәселен, қазақ күресі бөлімінің жас балуандарының қанжығасы облыстық және республикалық турнирлерден ал, волейболдан қыздар командасы былтыр облыс чемпионы

атанған. Сонымен қатар, садақ ату үйірмесінің үш бірдей мергені жасөспірімдер арасындағы облыс біріншілігінде жоғары нәтиже көрсетіп, ел чемпионатына жолдама жеңіп алды. Алдағы уақытта осы кешенді дамытып, қосымша залдар ашу қарастырылуда, – дейді кешен директоры Ерұлан Қуайбайұлы.

Әрине, мұндай талағай табыс артында толассыз төгілген тер мен қажырлы еңбек бар. Бұқаралық спортты өрге сүйреп, ауыл балаларының бойындағы табиғи дарынды дөп басып тани білетін білікті бапкерлердің еңбегі ерен. Олар әр шәкірттің тек физикалық дағдыны ғана емес, олардың бойындағы отансүйгіштік қасиет пен жеңіске деген мұқалмас жігерді қалыптастыруға баса назар аударады.

Бүгінде жас буынды бокс спор-

тының қыр-сырына баулып, талай чемпиондарды тәрбиелеп жүрген кешеннің білікті жаттықтырушы Арман Шалғынбаев бұл жетістіктердің басты сырымен бөліскен еді.

– Жалпы, жас спортшылардың жетістікке жетуі ол тәртіпті ұстану, уақытылы дайындалуына байланысты. «Арлан» спорт кешенінде оқушыларға барлық жағдай жасалған. Балаларымыз облыстық жарыстан жүлделі болып оралды. Ұлытау облысында өткен республикалық турнирде I орынды иеленді. Сондай-ақ, Астана қаласында өткен халықаралық турнирде 8 боксшымыз II және III орындарға ие болды. Қазір біздің спортшыларымыз шетелге жарысқа баруға дайындықты бастап кетті, – деді Арман Галымұлы.

Ұлағатты ұстаздан үлгілі шәкірт озады демекші, тәжіри-



ПРЕЗИДЕНТ  
ТАПСЫРМАСЫН  
ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

белі бапкерлердің тәлімін көріп, боз кілем мен спорт алаңдарында шыңдалған жас жеткіншектердің де тәлімгерлеріне айтар алғысы шексіз. Кешенде шынығып, үлкен додаларда аудан намысын қорғап жүрген жас спортшының бірі – Саян Жанатай.

– Спортта жүргеніме биыл он жылдың көлемі. Қазіргі таңда дзюдо мен қазақ күресінен спорт шеберіне үміткермін. Осы уақыт аралығында бірнеше рет облыс чемпионы атандым. Мен үшін жетістіктің бірі – биыл, яғни, 2026 жылы Египетте дзюдодан өткен халықаралық турнирде бак сынап, III жүлделі орынды иеленуім болды. Бұл жеңіс зор жауапкершілік жүктейді. Жаттығуды еселеп, бұдан да биік шыңдар мен белестерді бағындырып, еліміздің Көк Туын әлемдік аренада желбірету, – дейді Саян Сайранұлы.

Жастықтың жалыны мен спорттың бәсекелес рухы тоғысқан бұл кешен – бүгінде Бұқар жырау ауданының нағыз мақтанышына айналды. Аудан спортшының тамырына қан жүгірткен осынау заманауи орталықтан алдағы уақытта да халықаралық аренада көк байрағымызды желбірететін, Арқаның атын әлемге танытатын сапалы спортшыларымыз шығарына сенімі көміл.

Адель АСАНОВА,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті  
Сурет автордан

• САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

## Қауіпсіздік қаперде болсын!

Облыста 1 маусымнан сомылу маусымы ресми түрде басталды. Жазғы демалыс кезеңінде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыстық төтенше жағдайлар департаменті өңірдегі су айдындарында бақылауды күшейтіп, бірқатар алдын алу шараларын қолға алғанын айта кету керек.

Жаз мезгілінде өзен-көлдер мен су қоймалары тұрғындардың сүйікті демалыс орындарының біріне айналады. Алайда, мамандар судағы қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын еске салады. Биыл облыс аумағында суға түсуге рұқсат етілген 89 орын анықталған. Сонымен бірге, халық көп жиналатын демалыс аймақтарында 120 құтқарушы кезекшілік атқарады.

Қарағанды тұрғындары мен қонақтары жазғы демалыс кезінде Федоров су қоймасы, Самарқанд су қоймасы, Балқаш көлі жағалауы, Топар су қоймасы, Нура өзені және облыс аумағындағы арнайы жабдықталған жағажайларда демала алады. Бұл орындар жаз мезгілінде халық көп жиналатын негізгі демалыс аймақтары болып саналады.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, арнайы жабдықталмаған жерлерде шомылу адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, тұрғындарға тек рұқсат етілген жағажайлар мен демалыс орындарын пайдалану ұсынылады. Құтқарушылар жаз бойы профилактикалық рейдтер өткізіп, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің Азаматтық қорғаныс басқармасының ба-

стығы Ерасыл Сайпаш тұрғындарды қауіпсіздік талаптарын сақтауға шақырды.

Қала тұрғыны Құрбанбай Расулдың айтуынша, жаз мезгілінде қауіпсіздік ережелерін сақтау өте маңызды.

– Жазда отбасымызбен көл жағасына жиі барамыз. Сондықтан, жағажайларда құтқарушылардың болғаны көңілге сенім ұялатады. Әр адам өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, балаларды қараусыз қалдырмауы керек, – дейді қала тұрғыны.

Мамандардың айтуынша, судағы қайғылы оқиғалардың көпшілігі қарапайым қауіпсіздік ережелерін елемейтін балалардан орын алады. Әсіресе, балаларды су жағасында қараусыз қалдыру, тыйым салынған орындарда шомылу және мас күйінде суға түсу қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін.

Шомылу маусымының басталуына байланысты өңірде түсіндіру және алдын алу жұмыстары жалғасады. Мамандар тұрғындарды өз өмірі мен жақындарының қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға шақырады. Себебі, судағы қауіпсіздік – әр адамның өзінен басталады.

Айдана ДҮРНАЗАРОВА,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

# Серіктестік серпін сыйлайды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өнеркәсіпті жаңғырту мен өңдеу секторын дамыту міндетін алға қойған тұста Qatmet компаниясы ауқымды жобаларды жүзеге асырып келеді. Шахталарға заманауи жабдықтар орнатылып, металлургиялық өндіріс жаңартылуда, жаңа өнеркәсіптік кластер қалыптасып, жергілікті өндірістер ашылууда. Бұл баянды бастамалар кәсіпорынның өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, Қарағанды өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беріп, Қазақстанның индустриялық қуатын нығайта түсуде. Зер салып көрелік...

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

## Президент пәрмені

Иә, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында өнеркәсіп саласын дамыту бойынша біршама жұмыс атқарылу керетін баса белгіледі.

— Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады. Онда терең өңдеу тәсілін менгеруге басымдық берілген. Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды. Мен жуырда Қарағанды облысында болдым. Сол кезде «Qatmet» металлургия комбинатына бардым. Отандық инвестор келген соң, ондағы ахуал едәуір тұрақталды. Кәсіпорын жаңғыртыла бастады. Бұл қадам өндірілетін өнім көлемін айтарлықтай арттыруға тиіс. Саран қаласының экономикасын әртараптандыру жұмысы

Осы міндеттерді жүзеге асыру жолында Qatmet қолға алған жобалар тек кәсіпорынның ғана емес, тұтас өндіріс дамуына соны серпін беруде. Жаңа өндірістер, заманауи жабдықтар мен инновациялық шешімдер Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетін арттырып, ұлттық экономиканың тұрақты өсіміне жол ашады.

## Озық технологияның орасан игілігі

Қарағанды шахталарына жоғары технологиялық жаңа неміс жабдықтары орнатылу үстінде. Мәселен, Qatmet компаниясына қарасты Т.Күзембаев атындағы шахтада көмір өндіруді қауіпсіз етіп, тиімді етуге септесетін жаңа заманауи жабдықты іске қосуға дайындық жүріп жатыр. Бұл — немістің Hauhincso компаниясының жоғары өнімді сорғы станциясы. Аталған станция шахтерлердің басындағы тау жыныстарын ұстап тұратын арнайы шахта құрылымының жұмысын қамтамасыз етеді. Оның тұрақты жұмысына адамдардың



цияз жүктемені өзі бақылап, қажет болған жағдайда қосымша сорғыларды іске қосады. — Жүктеме артқанда жүйе тұрақты қысымды ұстап тұру үшін екінші, содан кейін үшінші сорғыны өзі іске қосады. Мұндай автоматтандыру жұмысымызды едәуір жеңілдетіп, электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді, — деді көмір өндіру учаскесінің механигі Александр Воротынцев. Және бір маңызды артықшылығы — жаңа жабдық жер астында стационарлық түрде орнатылады. Бұрынғы ауыр сорғы станциясын өндіру жұмыстарының ілгерілеуіне қарай үнемі жылжытып отыруға тура келетін. Енді мұндай қажеттілік болмайды да, сәйкесінше жұмысты ыңғайлы әрі қауіпсіз етеді. — Бұл сорғылар — өте қуатты. Бір лаваның жұмысына екеуі жеткілікті, ал, бұрын дәл осындай

дағы шахтадағы техниканы жаңарту — компанияның көмір кәсіпорындарын ауқымды жаңғырту бағдарламасының бір бөлігі ғана. Qatmet шахталарында өндіріс тиімділігін арттыруға және жұмысшыларды қорғауға бағытталған заманауи жабдықтар, автоматтандыру жүйелері мен өнеркәсіптік қауіпсіздік технологиялары енгізілуін сәтпен жалғастырып келеді.

## Бір алаң, мың мүмкіндік

Qatmet Service өнеркәсіптік кластері аумағында жергілікті өндірістерді дамыту жалғасын жатыр. Компания баспасөз қызметі өкілдерінің хабарлауынша, бүгінде мұнда трикотаж қолғаптар шығару, тоқыма қалдықтарын қайта өңдеу, иірілген жіп пен талшық қорымен өндірісті орналастыруға мақсатты жұмыс жүргізіліп жатыр. Қалған аумаққа тағы бірнеше өндірісті орналастыруға мүмкіндік бар. Өндірістерді жергіліктендіру Qatmet үшін де, жалпы өңір үшін де елеулі мультипликативтік нәтиже береді. Демек, жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті бюджетке салық түсімдері, шағын және орта бизнесті дамыту, импортқа тәуелділікті азайту және бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік орта қалыптасары сөзсіз.

— Qatmet серіктестерді тарту және сұранысқа ие тауар топтарының жергіліктендіру жұмысын да көздегеніндей жалғастыра білуде. Санамайла бастасақ, респи-

ратор өндірісін ұйымдастыруға офтейк-келісімшартқа қол қойылды. Кәсіпорын жұмыс орындарын дайындауға және қажетті жабдықты сатып алуға кірісіп те кеткен. Сондай-ақ, биг-бэттер, сабынды-жуу құралдары, қайталама пластиктен жасалған бұйымдар және арнайы аяқкіім, қорғаныш көзілдіргі мен каскаларды қоса алғанда, басқа да жеке қорғаныс құралдарын өндіру жобалары қосымша пысықталып жатыр. Бұған дейін Qatmet ұзақмерзімді және офтейк-келісімшарттар жасасуға дайын тауар топтарының тізімін жариялаған болатын, — деп жазды ресми мәлімдемесінде Qatmet «Қазақстандық қамту» бағдарламасын үйлестіру және дамыту бөлімінің бастығы Жандос Сарманов.

Бажайлап қарасақ, мұндай кәсіпорындарды негізгі өндіріске жақын орналастыру комбинатты қажетті өніммен жедел қамтамасыз етуге мүмкіндік береді әрі жеткізу тізбегінің тұрақтылығын арттырады. Қарымын арттырып келе жатқан Qatmet үшін өнеркәсіптік кластерді дамыту — стратегиялық бағыт. Компания ел ішінде өнім шығаруды арттыру, жергіліктендіру денгейін көтеру және өндіріс тұрақты дамуын қолдау мақсатында металлургиялық комбинаттың айналасында қазақстандық өндірушілер экожүйесін қалыптастырып жатыр. Басым бағытты одан әрі дамыту аясында Қарағанды облысының әкімдігі Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп, 150 гектар аумақта арнайы экономикалық аймақтың субзонасын құру мәселесін пысықтауда. Жобаны іске асыру жаңа инвесторларды тартуға, өңдеу өндірістерін құруға және Qatmet шикізаты мен өнімі негізінде қосылған құны



жоғары өнім шығаруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Компания өнеркәсіптік кластер аумағында өнім мен өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу, сондай-ақ, жаңа жергілікті өндірістерді құру бойынша ұсыныстарды қарастыруға ашық. Шахталар мен металлургиялық комбинатқа арналған электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсетумен айналысатын Qatmet Machinery компаниясының Энергозавод бөлімінде электрқозғалтқыштардағы ақауларды жылдам әрі дәл анықтауға мүмкіндік беретін жетілдірілген әдістеме енгізілді. Жаңа әдістеме ақауларды алдын ала анықтауға, жабдықтың күрделі бұзылуына жол бермеуге және өндірістегі тоқтап қалу қаупін азайтуға септік етпек. Нәтижесінде жөндеу уақыты қысқарып, қателік ықтималдығы азайды және электрқозғалтқыштарды қалпына келтіру сапасы артты.

## Түйін

... Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған өнеркәсіпті жаңғырту, шикізатты терең өңдеу, өндірістерді жергіліктендіру және экономиканың жаңа өсу нүктелерін қалыптастыру жөніндегі стратегиялық міндеттер бүгінде нақты жобалар арқылы жүзеге асқанын көз көріп келеді. Qatmet компаниясының өндірістік қуаттарды жаңарту, заманауи технологияларды енгізу, өнеркәсіптік кластерді кеңейту және отандық өндірушілерді қолдау бағытындағы бастамалары елдің индустриялық әлеуетін нығайтуға бағытталған ауқымды жұмыстың маңызды бөлігіне айналып отыр. Бүгінде кәсіпорын төңірегінде жаңа өндірістік экожүйе қалыптасып келеді. Бұл — жаңа жұмыс орындары, инвестициялар, бәсекеге қабілетті өнім және өңірлердің тұрақты дамуы деген сөз. Ең бастысы, мұны — Президент жүктеген міндеттердің нақты нәтижеге айналып, экономиканың нақты секторында өз жемісін бере бастағанының айқын көрінісі деп бағамдаймыз. Qatmet жүзеге асырып жатқан жобалар қуатты өнеркәсіптің ел дамуының берік тірегі екенін тағы бір мәрте дәйектейді. Өндірісті технологиялық тұрғыдан жаңарту, қосылған құны жоғары өнім шығару және қазақстандық қамтуды арттыру бағыты алдағы уақытта да ұлттық экономиканың тұрақты өсіміне, өңірлердің өркендеуіне және Әділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды міндеттердің орындалуына қалтқысыз қызмет ете бермек.

Сурет Qatmet компаниясының баспасөз қызметінен



жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік доңғалағын және тұрмыстық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның арқасында бұл елдімекен моноқалалар санатынан шығарылды. Басқа да моноқалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет, — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент айқындаған индустриялық даму бағыты бүгінде нақты істермен толықтырылып келеді. Өндірісті жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу, жергілікті өндірістерді дамыту және қосылған құны жоғары өнім шығару — ел экономикасының берік тірегіне айналатын басымдықтар.

қауіпсіздігі мен көмір өндірісінің үздіксіздігі тікелей байланысты. Учаскедегі бұрынғы жабдық мерзімі 20 жылдан асып кеткен еді. Сөйтіп, дәл қазіргі сенімділік пен тиімділік талаптарына әсте сай келмейтін еді. Жаңа сорғы станциясы шахтаны техникалық қайта жаратқандыру бағдарламасы аясында соның орнына орнатылды. Заманауи жабдықтың қуаты жоғары: станция минутына жоғары қысыммен 600 литрге дейін арнайы сұйықтық береді. Соның арқасында жүйе елеулі жүктемелер кезінде де тұрақты жұмыс істей алады. Сонымен қатар, жабдық толықтай дерлік автоматтандырылған: стан-

міндетті орындау үшін екі есе көп жабдық қажет болатын. Станциялар ұзақ мерзімге қызмет етуге есептелген, — деді Hauhincso компаниясының өкілдері.

Жаңа жабдық Qatmet-тің Өнеркәсіпті дамыту қорымен ынтымақтастығы аясында сатып алынған. Алдағы уақытта осындай сорғы станцияларын компанияның басқа шахталарына да орнату жоспарланып отыр. Жаңа сорғы станциясын енгізу жабдықтың сенімділігін арттыруға, бос тұрып қалуларды азайтуға және шахтерлердің еңбек жағдайын жақсартуға теңгерімді мүмкіндік береді.

Әлбетте, Т.Күзембаев атын-

## ЭКОЛОГИЯ

# Көлдің келешегі талқыда

Астанада Балқаш көлінің экожүйесін сақтау жөніндегі мастер-жоспарды әзірлеуге арналған жұмыс тобының ашық отырысы өтті. Маңызды жиынға қазақстандық және француздық сарапшылар, су шаруашылығы саласының мамандары мен ғылыми қауымдастық өкілдері қатысып, Балқаш бассейнінің қазіргі жай-күйі мен болашағына қатысты өзекті мәселерді талқылады.

Нұрдос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жоба Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі, Францияда даму агенттігі (AFD) және Францияның Геологиялық және тау-кен зерттеулері бюросы (BRGM) бірлесіп жүзеге асырып жатқан халықаралық бастама болып табылады. Оның басты мақсаты — Балқаш көлінің бірегей экожүйесін сақтап, бассейні аумағындағы су ресурстарын тиімді әрі тұрақты басқарудың ғылыми негізделген тетіктерін әзірлеу.

Кездесу барысында француз сарапшылары негізгі бағыттар бойынша жүргізілген зерттеулердің аралық нәтижелерін таныстырды. Қатысушылар гидрология, гидрогеология, ауыл шаруашылығы, мұздықтардан келетін ағын көлемін бағалау, су пайдалану ерекшеліктері және су ресурстарын бөлу моделін әзірлеу бағыттарындағы зерттеу жұмыстарының қорытындыларымен танысты.

Жиында климаттың өзгеруі жағдайында Балқаш бассейнінің су ресурстарын басқару мәселесіне ерекше назар аударылды. Сарапшылар өзен ағынының болашақтағы өзгерістерін болжау, мұздықтардың қоректендіру әлеуетін бағалау, жерүсті және жерасты суларының өзара байланысын зерттеу әдістерін ұсынды. Сонымен қатар, су шаруашылығы саласында басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін заманауи модельдеу құралдарының мүмкіндіктері таныстырылды. Отырыста цифрлық технологиялардың әлеуеті де кеңінен сөз болды. Мамандар су ресурстарын бөлудің әртүрлі сценарийлерін талдау, тәуекелдерді бағалау және бассейндік жоспарларды әзірлеу бары-

сында қолданылатын заманауи цифрлық жүйелердің тиімділігіне тоқталды.

Талқылау қорытындысы бойынша зерттеу нәтижелерін Балқаш көлінің су жинау алабының жай-күйін бағалаудың бірыңғай жүйесіне біріктіру және алдағы жұмыстың басым бағыттарын айқындау жөнінде келісімге келді. Жоба аясындағы жұмыстарды толық аяқтап, мастер-жоспардың қорытынды нәтижелерін 2026 жылдың соңына дейін ұсыну көзделіп отыр.

— Мастер-жоспар Балқаш көлінің экожүйесін сақтау және бассейнінің су ресурстарын тұрақты басқару жөніндегі ұзақ мерзімді шешімдерді қабылдаудың ғылыми негізіне айналады. Биылғы жылдың соңына дейін қазақстандық және француздық сарапшылар зерттеу нәтижелерін біріктіру, модельдік есептеулерді жетілдіру және қорытынды құжатты дайындау бойынша бірлескен жұмысты жалғастырады, — деді «Су ресурстары ақпараттық-талдау орталығы» ХЕАҚ басқарма төрағасы Қайратғали Хайролла.

## БАЛҚАШ

# Оңай олжа опық жегізеді

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қаржы алаяқтарының құрбаны болғандардың қатарында қарапайым тұрғындар да бар. Қала тұрғыны Саяжан Исабаева да интернет-алаяқтардың арбауына түсіп қалған. Оның айтуынша, бір күні белгісіз адамдар өздерін банк қызметкерлері ретінде таныстырып, күмәнді қаржылық операция тіркелгенін хабарлаған.

«Олар өте сенімді сөйлесті. Дауыс ырғағы да, сөз саптауы да нағыз банк қызметкеріндей көрінді. Картадағы қаражатымды сақтап қалу үшін белгілі бір әрекеттер жасау қажет екенін айтты. Мен айтқандарына сеніп, қажетті мәліметтерді орындадым. Арада аз уақыт өткенде есепшотымнан ақша шешіліп кеткенін білдім. Сол кезде ғана алаяқтардың арбауына түскенімді түсіндім», — дейді Саяжан Исабаева. Оның сөзінше, мұндай жағдайға тап болған адам өзін ғана емес, отбасы мүшелерін де қиын жағдайға қалдырады. Сондықтан, тұрғындарды бейтаныс адамдарға сенбеуге, жеке деректер мен

банк картасына қатысты мәліметтерді ешкімге бермеуге шақырады. Қарағанды облысы прокуратураның көмекшісі Сабина Апейсованың айтуынша, азаматтар қаржы салмас бұрын ұйымның қызметін мұқият зерттеуі қажет.

«Егер қандай да бір компания аз уақыт ішінде жоғары табысқа кепілдік берсе, жаңа қатысушылар тартуды талап етсе немесе қызметінің мәнін нақты түсіндіре алмаса, ондай ұсыныстарға сақтықпен қараған жөн. Банк қызметкерлері ешқашан телефон арқылы карта нөмірін, құпия сөзді немесе СМС арқылы келген растау кодтарын сұрамайды. Азаматтар жеке мәліметтерін үшінші тұлғаларға бермеуі керек», — дейді Сабина Апейсова. Қаржы қауіпсіздігі әр адамның өз қолында. Қазақ «Оңай келген олжа оңай кетеді» дейді. Сондықтан, жеңіл табысқа қызықпай, әр ұсынысты жан-жақты саралап, әр қадамды ойлап басқан жөн. Адал еңбекпен келген табыс қана берекелі әрі баянды болмақ.

Нұрдана ИБРАГИМОВА, ҚарУЗУ-дың II курс студенті

## Жаздың ең жарқын фестивалі



ІШКІ ТУРИЗМ

Қазақстанның інжу-маржаны атанған айдынды Балқаш биыл да жаздың ең жарқын оқиғасының біріне куә болмақ. Табиғаттың қайталанбас сұлулығы мен туристік әлеуеті тоғысқан көл жағалауы 19-20 маусым күндері мыңдаған қонақты қарсы алуға әзір. Көл жағалауында өтетін Balkhash Tour Fest 2026 мәдениет, спорт, туризм және инновацияны тоғыстырған ірі алаңға айналмақ. Ұйымдастырушылардың мәліметінше, фестивальге еліміздің әр өңірінен туристер келеді деп күтілуде.



Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазірдің өзінде фестиваль алаңында қызу дайындық жүріп жатыр. Мамандар сахна құрып, техникалық жабдықтарды орнатады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, 19-20 маусым күндері Ақшалай жағажай аймағы музыка мен спорттың ұлттық дәстүр мен заманауи технологиялардың, демалыс пен ойын-сауықтың орталығына айналады. Фестивальге қонақтардың жайлы қатынауы үшін ұйымдастырушылар арнайы шаралар қабылдаған. Атап айтқанда, фестиваль күндері қала тұрғындары мен қонақтарына қызмет көрсететін 10 тегін автобус бағыты ұйымдастырылып, қатысушылардың іс-шара орнына кедергісіз жетуіне мүмкіндік жасалады.

Balkhash Tour Fest бағдарламасы әртүрлі жастағы көрермендерге арналған мазмұнды іс-шараларға толы. Спортты серік еткен азаматтар үшін фестиваль аясында ұлттық және заманауи спорт түрлерінен жарыстар өтеді. Соның ішінде, 20 маусым күні күш-қайрат пен төзімділікті талап ететін әлемдегі ең тартысты күш спортының бірі – мас-рестлингтен жарыс ұйымдастырылады. Бұл доғаға қатысушылар өз күшін сынап, жеңіс жолында бар мүмкіндігін салса, көрермендер нағыз спорттық бәсекенің куәсі болады. Ұйымдастырушылар спорт сүйер қауымды жарыс алаңына келіп, спортшыларға қолдау көрсетуге шақырады.

Фестивальдің тағы бір ерекшелігі – отбасылық демалысқа басымдық берілуі. Арнайы сауда және ойын-сауық аймақтарында балаларға арналған киімдер, ойыншықтар, велосипедтер мен басқа да қажетті тауарлар ұсынылады. Балаларға арналған қызықты бағдарламалар, аниматорлар мен ойын алаңдары жұмыс істейді. Би, музыка және мыңдаған көбік бұлттар мерекелік көңіл құй сыйлайды. Жаздың шынайы атмосферасын сезініп, достармен және отбасымен уақыт өткізудің тамаша мүмкіндігі дәл осы фестивальде болмақ.

Биылғы фестивалдің серіктесі – Vayumyz.kz компаниясы да көпшілікті таңғалдырмақ. Компания ұйымдастырушылармен бірлесіп, ерекше гастрономиялық жоба әзірлеуде.

Музыкалық бағдарлама да фестивалдің басты сәні болмақ. Биылғы хедлайнерлер қатарында тыңдарманның жүрегінен орын алған танымал өнерпаздар өнер көрсетеді. Атап айтқанда, сахнада Miras Zhugunussov, Ayau, BELLUCCI, Domino, Nurlan & Murat және Qazaq Band өздерінің ең үздік әндерін орындайды. Кешкі уақытта Балқаш жағалауында концерт ұйымдастырылып, мыңдаған көрермен сүйікті әндерін бірге шырайды деп күтілуде. Бұл – жазғы маусымның ең әсерлі музыкалық кештерінің бірі болмақ.

Фестивальде ең көп күтілетін оқиғаның бірі – Балқаш көлі үстіндегі ауқымды дроптар шоуы. Жүздеген дронның көмегімен түнгі аспанда ерекше композициялар бейнеленіп, көрермендерге жарық пен технологияның гажайып үйлесімі ұсынылады. Биыл ұйымдастырушылар цифрлық технологияларға ерекше назар аударған. Осыған орай фестивальге арналған арнайы AI-анимация әзірленді. Жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасалған бұл жоба Балқаштың туристік әлеуетін жаңа форматта таныстыруға бағытталған.

Фестиваль қарсаңында өңірдегі туристік қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған маңызды жұмыстар да жүзеге асырылды. Атап айтқанда, сарапшы мамандар халықаралық қызмет көрсету стандарттары, туристермен жұмыс істеудің заманауи әдістері және сервис сапасын арттырудың тиімді тетіктері жөнінде тәжірибелермен бөлісті. Balkhash Tour Fest бүгінде жай ғана фестиваль емес. Ол – Балқаштың туристік мүмкіндіктерін танытатын, кәсіпкерлікке қолдау көрсететін, мәдениет пен спортты насихаттайтын, өңір экономикасының дамуына серпін беретін ірі жобаға айналды.

БАЛҚАШ

## Абай ауданының туристік әлеуеті зор

Туризм саласын дамыту – Абай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарының бірі. Ауданның басты туристік орталығы әзірге жыл сайын облысымыздың мыңдаған тұрғындары мен қонақтарын өзіне тартатын Топар кентіндегі Шерубай-Нұра су қоймасының жағалауы болып отыр.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»


Осы өңірдің облыс орталығына жақын орналасуы және көлік қатынасының арқасында су қоймасының жағалауы ең танымал демалыс орындарының біріне айналуда. Мұнда тәулігіне 4 мыңға дейін демалушыны қабылдай алатын коммерциялық және ведомстволық демалыс аймақтары орналасқан. Жазғы маусымда жағалауға жылына 150 мыңнан астам адам келіп, тынығалды.

Бүгінде бұл жердегі туристік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары кешенді түрде жүргізілуде. Ол демалушыларға қолайлы жағдай жасауға ғана емес, сонымен қатар инвесторлар мен бизнес үшін тартымды заманауи туристік аумақ қалыптастыруға бағытталған.

Соның ішінде, негізгі бағыттардың бірі – көлік инфрақұрылымын дамыту. Облыстық бюджет қаражаты есебінен 2025 жылы Шерубай-Нұра су қоймасының оң жағалауы бойында 2,6 шақырым автомобиль жолына орташа жөндеу жүргізіліп, биыл бұл жұмыстар жалғасуда. Туристік нысандарға апаратын 11,9 шақырым жолды орташа жөндеу де жүзеге асырылуда. Соның ішінде, оң жағалауда орналасқан 4,7 шақырым жолдың жөндеуі аяқталып қалса, сол жағалаудың 7,2 шақырым жолы жөндеу үстінде. Аталған жобаларды жүзеге асыру туристік нысандардың көлік қатынасын едәуір жақсартып, демалушылардың жайлы демалысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мұнда инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары да қолға алынған. Яғни, Шерубай-Нұра су қоймасының жағалауы бойымен электрмен жабдықтау желілерін салуға арналған жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысын алды. Сондай-ақ, демалыс аймақтарындағы ұялы байланыс пен интернет желісінің сапасын одан әрі жақсарту мәселесі де қарастырылуда.

Топар кентінің коммуналдық жағажайын дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Биыл оны абаттандыру жұмыстары басталды. Жоба аясында кіреберіс жолды кеңейту және нығайту, автотұрақ аймағын ұйымдастыру, жағажай аумағын тазарту және ұлғайту, көлеңкелі шатырлар, автономды жарықтандыру және бейнебақылау жүйелерін орнату қарастырылған. Оны іске асыру аудан тұрғындары мен қонақтарының демалысына қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасауға мүмкіндік береді.



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

рының демалысына қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Туризм саласын дамытудың маңызды бағыттарының бірі – инвестиция тарту. Сол бойынша Шерубай-Нұра су қоймасының жағалауында жыл бойғы туризмді дамытуға және көрсетілетін қызметтер аясын кеңейтуге бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Осындағы ең маңызды жобалардың бірі – кәсіпкер Любовь Токупованың жетекшілігімен заманауи демалыс аймағы мен «SERENITY» релакс орталығын құру. Жоба отбасылық және сауықтыру туризмін дамытуды көздейді. Бұл жобаны іске асыру барысында коттедждер, қонақүй-мейрамхана кешені, монша кешені салынып, аумақ абаттандырылып, заманауи жағажай инфрақұрылымы пайда болды. Пайдалануға берілген бұл нысандардың жалпы ауданы шамамен 1600 шаршы метрді құрайды.

Ауданның туристік әлеуетін дамытуға тағы бір кәсіпкер Тимур Райымбеков те өз үлесін қосуда. Ол «Достық» спорт базасын дамыту жобасын жүзеге асыруға кіріскен. Осы жоба аясында қонақүй кешені қайта жаңғыртылып, асхана мен спорт залы ашылып, жағажай аумағы кеңейтіліп, абаттандырылды. Бұл аумақта балалар мен жастар спортын дамытуға, спорттық жиындар мен жаттығу шараларын ұйымдастыруға ерекше назар аударылуда.

Жол және инженерлік инфрақұрылымды дамыту, қоғамдық аумақтарды абаттандыру және инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстар Абай ауданының туристік әлеуетін одан әрі нығайтуға

ықпал етуде. Бүгінде Шерубай-Нұра су қоймасы облысымыздағы ең ірі рекреациялық аумақтардың бірі болып табылады. Ал, жүзеге асырылып жатқан жобалар жыл бойғы заманауи туризмді дамытуға және өңір тұрғындары мен қонақтарының демалыс сапасын арттыруға берік негіз қалыптастыруда.

– Бір ғана осы Шерубай-Нұра су қоймасының жағалауында туристерді тарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарда туризм кластерінің нышаны бар, – дейді осы орайда Абай аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ольга Цой, – Болашақта оны толық дәрежеге жеткізу үшін біздің ауданның туристік әлеуеті зор. Бұған біздің ауданда ресми тіркелген жергілікті маңызы бар 37 тарихи және мәдени ескерткіштер орындарына экскурсия, саяхат жасауды қосса, ауданымызға келетін туристер саны да еселеп артар еді. Облыс әкімдігінің 2024 жылғы 13 тамыздағы 5001-қаулысымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігімен келісілген бұл мемлекеттік тізімде Абай ауданы аумағында археологтар зерттеп, белгілеген ерте темір, қола дәуірлеріндегі, орта ғасырдың қаншама қорғандары мен қорымдары, қоныстары, Қарлағтың «Мамочкина» зираты барлығы көрсетілген.

Қазірде еліміз бойынша 5 туризм кластері құрылып, жұмыс істеп тұрса, Абай ауданының туристік әлеуеті алдағы уақытта облысымызда құрылатын туризм кластерінің бір бөлшегі болары анық.

Абай ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

## Теміртау жылудан тарықпайды

Теміртау қаласында алдағы қыста жылудан тарықпайды және апатты жағдайларды болдырмау мақсатында жылу жүйелерін жаңғырту ісі жалғасуда.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тапсырыс берушісі «Теміртау қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік және автомобиль жолдары» ММ болып табылатын бұл жұмыстарды мердігерлер белгіленген кестеге сәйкес жоспарлы түрде атқарып жатыр.

Соның ішінде, негізгі жобалардың бірі 3-жылу магистралінің 4300 метрін диаметрі 820 миллиметрлік құбырлармен жаңалауды «TOLAGAI GLOBAL» ЖШС жүзеге асырып, қазірде оның 2300 метрі төселген. Аталған нысанда жыралар қазу, ескі коммуникацияларды демонтаждау, жаңа құбырларды монтаждау, сондай-ақ, сол жерлердің сәулет-көркін қалпына келтіру бір мезгілде жүргізілуде.

Қалада мұнымен қатар Ушинский көшесі мен Бейбітшілік даңғылындағы жылу тораптарын Құрылысшылар даңғылынан 018-ЖК аралығында жаңғыртуды тағы



бір мердігер «Мелиоратор» ЖШС қолға алған. Басында 2025-2026 жылдарға арналған екіжылдық бұл жоба жұмыстарының былыға дейін 60 пайыздайы орындалды. Осы учаскеде құбырөткізгіш әуе желісінің демонтажы толық аяқта-

лып, темірбетон тіреулер қойылып (40 пайыздайы біткен), сондай-ақ, брусчатқаларды демонтаждау да тәмамдалыпты. Мұнда диаметрі 630 мм құбырларды жеткізуде кідіріс жоқ.

«Мелиоратор» ЖШС учаске

бастығы Абылай Асанов: – Қазіргі уақытта осы учаскедегі 20 адам жұмыстарды белгіленген кестеге сай тындыру үстінде. Олар екі тарам бойынша ұзындығы 1300 метр құбыр өткізгіштердің әуе желілерін толығымен демон-

таждап, енді жақын арада Бейбітшілік даңғылынан Момышұлы көшесіне дейінгі учаскедегі жұмыстарға кіріседі. Жобаны алдағы күркірей айына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз, – дейді.

Бұдан бөлек, жекелеген учаскелерде тарату жылу тораптарының реконструкциясы да жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, ұзындығы 800 метр құбыр өткізгіш диаметрі 426 мм құбырлармен ауыстырылып, қазірде демонтаждау жұмыстарының 90 пайыздайы орындалып, аталған учаскенің жартысына жуығы дайын – жаңа құбырларды төсеудің негізі қаланды. Жерасты сулары бұл жұмыстарға біраз бөгесін болғанымен, мердігер ұйымдар штаттық режимнен ауытқымауда.

Осындағы «Элия-сервис» ЖШС учаске бастығы Сабыржан Кабенов: – Бүгінде дейін мұндағы демонтаждау жұмыстары бітуге таяу және жылу торабының тең жарымына салынатын құбырлардың астына құм төселді. Нысан басында мамандандырылған техника мен дөңкерлеу бригадалары қимыл жасауда. Жерасты суларына байланысты қиын жағдай тұрақты бақылауда. Жалпы, шаруа кестеге сай жүзеге асуда, – деген еді.

Теміртау қаласындағы жылу



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

желілерін жаңғырту шеңберінде заманауи технологиялар, соның ішінде ППУ-орамы бар құбырлар қолданылса, ол жылу тораптарының ұзақ мерзімге шыдас беріп, энергия тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін айтқан абзал. Жұмыстары орындалған учаскелерге әзірге қояр кіно жоқ.

Жоғарыдағы жобалардың елеулі бөлігін мердігерлер биылғы тамыз-қыркүйек айларында аяқтауды көздеп, оны біткен соң бүлінген жерлердің сәнін қалпына келтіреді.

Сонымен, бұл жобалардың жүзеге асуы келесі қысқы жылыту маусымы Теміртау қаласында да алаңсыз өтіп, тұрғындар жылудан тарықпай, апатты жағдайлардың болмауына кепілдік беретіндей.

ТЕМІРТАУ

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА – 40 ЖЫЛ

# Алаңда жанған намыс оты

«Желтоқсан оқиғасы» дегенде «Елім!» деп егескен, Тәуелсіздік үшін күрескен ерлер есімі жадымызда ерекше жаңғырады. Ондай тұлғалардың есімі санада мәңгі сақталады. Себебі, оларды тарих ұмытпайды. Сол кездегі алаңға шыққан студенттердің алды бүгінде ел ағасы болды.



Қалада жасаған Шаһар Айтжанов

Биыл Желтоқсан оқиғасына 40 жыл толып отыр. Арада ондаған жыл өтсе де, Желтоқсан оқиғасы маңызын жойған жоқ. Керісінше, уақыт өткен сайын оның шынайы бағасы айқындала түсті.

Сол кезде алаңға шыққан жастар жай ғана қарсылық танытқан жоқ. Олар тұтас бір ұлттың ішінде тұшығып жатқан үшін алып шықты. Сол үннен кейін азаттықтың жаңғырығына айналды.

Қазіргі жастар Желтоқсанды күнтізбедегі жай күн ретінде қабылдамауы керек. Ол – еркін ойдың, азаттық ұстанымның, ұлттық рухтың сабағы. Сол кездегі студенттердің жасы бүгінгі университет аудиториясында отырған жастармен шамалас еді. Олар қорықты, бірақ, үнсіз қалмады. Міне, Желтоқсанның ең үлкен тағалымы да осында.

Жастар наразылығы Алматыда басталып, Қазақстанның көптеген аймақтарына, соның ішінде Қарағандыға да тарап кетті. Қарағандылықтар оны сырттай бақылаушы болып қана қалмай, оған үн қосты. Студенттер мен жұмысшы жастар алматылық құрбыларына жасалып жатқан қиянатты білсе де, тәуекелге бел буып, топтасып алаңға шықты, әділетсіздікті тыюды талап етті.

Нақтырақ айтсақ, қарағандылықтар ел ертеңі үшін алаңға шығып, қолдау көрсетті. Бұл туралы Желтоқсан көтерілісінің қатысушысы, «Желтоқсан» республикалық халықтық отаншылдық қозғалысының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Абай Абдрахман айтты берді.

– Біздің қаладағы толқулар екі күнге созылды. Алаңға шығып, наразылық білдіріп, сүрінген халықты сүйеудің орнына бірден темір торға жапты. Қазір міне, мұнда біз, қарағандылықтардан 50-ге жуық адам бармыз. Әркімнің тағдыры әркілі. Біреуі елдің болашағы мен азаттығы үшін күресем деп алаңға шығып, соңында қамауға алынса, енді бірі ақталып, босады. Арамызда екінші топтағы мүгедек жан бар, тағы бір жігіттің жұбайы мен баласы да дәл қазір осындай ауыр күй кешіп отыр. Кімге, не шара айтарынды да білмейсің, – деді ол.

Абай Жұмабайұлының айтуынша, сол уақыттағы көтерілісте бес бірдей қыз сотталып кеткен. Ішінде ҚарМУ-дың V курс студенті Раушан Әлиева есімді қыз да бар.

– Студенттік қатардан шығып, жас қыздың өмірі тәлкекке түсті. Сондай-ақ, Алматыда түрмеде

отырып келген Жәлел Өуез деген жігіт бар, ол 3 жылға сотталды. Ал, Дүйсенбек Байболов есімді жігітке 5 жыл үкім кесіліп, соның 3 жылын тар қапаста өткізіп шықты. Жалпы, тағылым тәлім аларымыз көп, өйткені, Желтоқсан оқиғасы әлі де өз бағасын алған жоқ, – дейді желтоқсаншы.

Бүгін біз тәуелсіз, азат елде өмір сүріп отырмыз. Көк Тұмыз көкте желбіреп, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие. Әлем бізді дербес мемлекет ретінде таниды. Бірақ, осы азаттықтың артында аязға тоңған, таяқ жеген, тағдыры қиылған Желтоқсан жастары тұрғанын ұмытпауымыз керек.

Желтоқсан оқиғасы кейде бізден алыстап кететіні анық. Бірақ, осы оқиғаның батырларына, олардың ісіне лайықты құрмет көрсете алдық па? Қайратқа әлі күнге дейін ескерткіш қойылмағаны қалай? Сәбира Мұхамеджанова, Ләззат Асанова мен Ербол Сыпатаевты еске алып, оларға да тиісті құрметімізді көрсете алдық па? Желтоқсан батырларының есімдері біздің жадымызда мәңгі сақталуы тиіс!

**Нұрдәулет ЕСІМ,**  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

# 24 сағаттық кітапхана қажет



Қазіргі қоғам тәулік бойы қозғалыста. Дүкендер мен дәріханалар, дәмханалар мен қызмет көрсету орындары 24 сағат қызметте. Алайда, адам санасын байытып, рухани көкжиегін кеңейтетін білім мен кітапқа келгенде жағдай өзгеше. «Кітап оқитын ұлт» жобасын қолдайтын әрі кітап оқуға қызығатын жандардың кез келген уақытта кітапханаға барып жұмыс істеуіне мүмкіндік бар ма? Түнгі қалада жарқыраған дәмханалар көп болғанымен, білімнің шамы жағылған кітапханалар неге аз? Тарқатайық...



«Білім – таусылмас қазына» дейміз. Ал, сол қазынаның кілті – кітап екендігін ұмытпағанымыз жөн. Ғасырлар бойы адамзат ақыл-ойының жемісін сақтап келген кітап бүгін де өз құнын жоғалтқан жоқ. Оған дәлел – соңғы жылдары Қазақстанда кітап оқу мәдениетін дамыту мәселесі мемлекеттік деңгейде жиі көтеріліп жүргендігі.

Десек те, кітап оқуға шақыру мен кітап оқуға жағдай жасаудың арасы жер мен көктей. Кез келген бастаманың нәтижесі оның жүзеге асуына қажетті амалдардан тұратыны хақ. Егер адам кітап оқығысы келсе, оған қолжетімді мүмкіндік бар ма? Студент түнгі уақытта емтиханға дайындалғысы келсе немесе зерттеуші ғылыми жұмысын жалғастыргысы келсе, ол қайда бара алады? Мәселенің мәні де осында.

Өңірде тәулік бойы жұмыс істейтін қоғамдық кітапханалар әзірге саусақпен санарлық. Бұл міндетті негізінен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің кітапханалары ғана атқарып отыр. Университет қабырғасындағы филология, тарих және педагогика факультеттерінің кітапханалары студенттер үшін тәулік бойы ашық.

Аталған жоғары оқу орнындағы кітапханаларды аралау барысында олардың кітап сақтау

орны емес, білім мен ізденістің орталығына айналғанын байқадық. Әсіресе, филология факультетінің кітапханасы мазмұндық тұрғыдан бай қорымен ерекшеленеді. Мұнда тіл білімі, әдебиеттану, философия және психология салалары бойынша әдебиеттер жинақталған. Сонымен қатар, энциклопедиялар, анықтамалықтар, сөздіктер мен сирек кітаптар қоры сақталған.

Сондай-ақ, кітапхана ішіне енгенде ерекше тыныштық пен ізденіс рухы сезіледі. Бір студент ғылыми мақаласын жазып отырса, екіншісі алдағы емтиханға дайындалуда. Заманауи компьютерлер мен электронды жүйелер кітапхананың бүгінгі заман талабына сай қызмет атқарып отырғанын көрсетеді.

Университеттің ғылыми кітапхана директоры Гаухар Қуанышқызының айтуынша, тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханаларға сұраныс жоқ емес.

– Қазіргі таңда филология, тарих және педагогика факультеттерінің кітапханалары тәулік бойы жұмыс істейді. Студенттердің демалысына байланысты келушілер саны азайғанымен, оқу кезінде оқырмандар көп. Сондықтан, мұндай жұмыс форматына қажеттілік бар, – дейді ол.

Гаухар Қуанышқызы шетелде кітап оқу мәдениеті жоғары екенін айтады.

– Нидерландқа барған сапарымда кітап оқу мәдениетінің кан-

шалықты жоғары деңгейде екенін көрдім. Университет кітапханалары оқырманға толы. Кез келген орында кітаптар бар. Адамдар кітапты арнайы міндет ретінде емес, күнделікті өмірінің бір бөлігі ретінде қабылдайды, – дейді кітапхана директоры.

Кітапхана басшылығының айтуынша, университеттің бас ғимаратында жаңа үлгідегі заманауи кітапхана ашу жоспарланып отыр. Жоба жүзеге асқан жағдайда кітапхана техникалық құралдармен жабдықталып, тәулік бойы қызмет көрсету мүмкіндігі қарастырылмақ. Бұл өңірдегі кітап оқу мәдениетіне тың серпін беретін бастамалардың бірі болмақ.

Сайып келгенде бүгінгі таңда қоғам уақыт ташылығын жиі алға тартқанымен, білімге ұмтылған жан үшін уақыт шектеу болмайды. Дәл осы тұрғыдан алғанда тәулік бойы қызмет көрсететін кітапханалар – заман талабынан туындаған қажеттілік. Себебі, интеллектуалды ұлт кездейсоқ қалыптаспайды. Ол – білімге қолжетімділік пен үздіксіз ізденістің нәтижесі. Экран жарығы үстемдік құрған дәуірде кітап шамын сөндіріп алмау – баршамызға ортақ міндет.

**Зарина АЙТЖАН,**  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті  
Суретті түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ҰЛТТЫҚ МҰРА

# Құсбегінің ізбасары бар ма?

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихымен бірге келе жатқан құсбегілік бүгінде ұмыт болудың алдында тұр. Бір кездері сайын далада қыран құсын баптап, аңға салған құсбегілер ел ішінде зор құрметке иеленсе, қазір бұл ұлттық спорт түрімен айналысатындардың қатары сирек.



Құсбегілік – қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі өнері әрі ұлттық спорт түрі. Бүркіт, ителгі секілді жыртқыш құстарды қолға үйретіп, аңға салады. Бұл тек аңға шығуға ғана үйретіп қоймай, жігерлі болуға, батылдыққа баулиды. Десек те, бүгінде қатары жасармай отыр. Жастар арасында құсбегілікке қызығушылықтың азаюы, расында, алаңдатарлық жағдай. Бүгінде заманауи технологияға әуес жастардың бұл өнерге мән бермеуі дәстүр сабақтастығына кері әсер етуі мүмкін дейді аға буын.

– Елімізде құсбегілер санаулы. Құсбегілерге Үкіметтен гранттар немесе тағы да басқа түрлі қолдау көрсетілсе, жастар қызығар ма еді? Біз қазақ табиғатқа сыр айтқан халықтық. Атбегілік, құсбегілік, тазы ұстау – қанымызға сіңген дүние. Екі қазақтың біреуіне ат немесе құс көрсетсең, делебесі қозары сөзсіз. Құсбегілік өнерін дүние жүзі мойындайтындай дәрежеге көтеру қажет. Салт-санамызға қазықтай қағылған бұл өнер жоғалып бара жатқаны көңілге қауа түсіреді, – дейді Бұқар жырау ауданы мемориалды кешен филиалының директоры, құсбегі Әлихан Уәлиев. Оның айтуынша, ауданда бүгінде екі құс ғана тіркеуде бар.

– Қазір қолымда Байқоңыр атты құсым бар. Байқоңырды 2023 жылдың қазан айының ортасында жол бойынан әлсіреген күйде тауып алдым. Ол кезде әлі сарыауыз балапан еді. Жағдайы мүшкіл болғандықтан, оны үйге әкеліп, бағып, күтім жасап, әл жинауына көмектестім. Құс әлсіздіктен бе, маған тез үйреніп кетті. Кейін сауығып, қанаты қаттайған соң табиғатқа қайта жіберген едім. Алайда, арада екі-үш күн өткенде ауыл шетінен қайта көрінді. Содан бері бауыр басып қалдық. Қазіргі технологияның дамыған заманында интернет арқылы қыран құсты баптаудың қыр-сырын үйірен бастадым. Тәжірибелі құсбегілермен танысып, олардың ақыл-кеңесін тыңдап, құс күтудің жолдарын меңгердім. Аңшылық атадан қанымызға сіңген қасиет, құсбегілік өнеріне де тез бейімделдім. Алдағы уақытта қандай да бір келеңсіз жағдай туындамауы үшін құсқа арнайы құжаттарын рәсімдеп алдым. Бүгінде Байқоңыр біздің отбасымыздың бір мүшесіне айналды. Оның күтімі мен бабын жасау күн-

делікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып отыр, – дейді Әлихан Уәлиев.

Қарқаралы өңірінің тұрғыны, құсбегі Қайыржан Дүйсековтің айтуынша, бұл өнерге екінің бірі, егіздің сыңары батылы жетіп, бара бермейді.

– Әрине, құсты қолға үйрету оңай шаруа емес. Мысалы, маусым айының соңына қарай балапанның қанаты қатайып, қара қанаттана бастаса, шілде айында еркін ұшуға бейімделеді. Шілдеде қолға түскен балапанды күзгі саят маусымына дейін аңға салуға дайындайды. Осы кезеңнен бастап, оны баулып, қолға үйрету жұмыстары жүргізіледі. Құсқа арнайы қансоқта, қызыл секілді күшті жем беріліп, іш-ырағы ретке келтіріледі. Оған қоса томағаға, балақ бауға көндіру жұмыстары басталады. Кейіннен қоянға тіріліп, аңшылыққа бейімдеу арқылы құстың саятшылық қабілеті шыңдалады, – деді құсбегі.

Еске салсақ, 2007 жылы Англияда бүкіл дүниежүзілік құсбегілердің фестивалі өтті. Сол фестивалде Қайыржан Құсайынұлы бас жүлде алған.

– Қазақтың саятшылық өнерін халықаралық деңгейде насихаттаудың маңызы айрықша. Оның дамуы мен бүгінге жетуінде қазақ халқының үлесі зор. Сондықтан, құсбегілікті халқымыздың төл мұрасы, ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігі деп толық негізбен айта аламыз. Әлі де бұл өнерімізді қолға алу керек, – дейді Қайыржан Құсайынұлы.

Саятшылық өнерді серік еткен Қарқаралы өңірінің тұрғыны Қайыржан құсбегі баптап өсірген бүркіттерінің ешқайсысының обалына қалмаған, қартайған шағында еркіндікке жіберген.

– 4-5 бүркіттен ұстайтындар бар. Оның баптауы бар емес пе? Бір бүркітті баптаумен жыл бойы алысасың. 3-4 бүркітті ұстап, ие бола алай қалады. Көзқимастық бар. Сөйтіп, бүркіттер азайып жатыр. Ол дұрыс емес. Осының алдындағы бүркітті жеті жасында табиғатқа жібердім, – дейді құсбегі.

Құсбегінің Алпан, Ақбілек деген құстары болған. Олар ел біріншілігінде бірнеше мәрте жеңіске жеткен. Құсбегінің айтуынша, қазіргі таңда Қарқаралы ауданында 2-3 бүркіт тіркелген.

Бүгінде құсбегілердің басым бөлігі – аға буын өкілдері. Бұл өнерді өмірлік серік еткен ағаларымыз ата дәстүрді көздің қаршығындай сақтап келеді. Дегенмен, олардың ізін басып, тәжірибесін жалғастыратын жастар аз. Сол себепті, аға буынның білімі мен тәжірибесін кейінгі ұрпаққа жалғау – уақыт күтптейтін маңызды міндет.

**Санжар ТАМШЫЛБАЙ,**  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті  
Кейікердің  
жеке мұрағатынан

• ЛЕБІЗ

# Алғыс алған арымас

Жұртымыз бір шаңырақтың астында жасамаздық стратегиясын жүзеге асырып келеді. Осындай бекем бірлік барда біз зор жетістіктер мен жеңістерге жеттік. Бұл сенім, татулық, бірлік пен өз халқының алдында жауапкершілікті сезінген Мемлекет басшысының саясатының арқасы.

Ал, халықты сапалы байланыспен қамтамасыз ету маңызды мәселе болып табылады. Қазір бұл бағытта белсенді жұмыс атқарып жатқан Абай қаласындағы «Қазақтелеком» ұжымын да ерекше атағым келеді. Ұжым елдегі ақпаратты, саяси-әлеуметтік оқиғаларды, өзгерістерді интернет желісі арқылы жылдам таратып, байланыс жүйесін да-

мытуда. Бүгінде байланыс саласы жүйелі. Аталған ұжым жұртшылықпен тығыз байланыста еңбек етуде.

Осы орайда ұжым басшылығына, оның әрбір қызметкеріне қарапайым тұрғындар атынан шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

**К.ИБРАЕВА**

• ПАРААРМРЕСТЛИНГ

# Бір алтын, екі күміс

Қырғызстанда параармрестлингтен Азия чемпионаты өткен. Оған 21 елден 400-ге жуық спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Аталған чемпионатқа ұлттық құрама спортшылары 10 алтын, бес күміс еншілеп, жалпыкомандалық есепте I орын иеленді. Солардың қатарында қарағандылықтар да бар.

**Ербол ЕРБОЛАТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Павел Жензаков жарыста жоғары нәтиже көрсетіп, сол колмен сыңға түсу бәсекесінде алтын медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, оң колмен күресте күміс жүлдеге ие болып, қос бірдей ме-

даль жеңіп алды. Ал, тағы бір жерлесіміз Қайрат Тебаев сол колмен күрес сайысында күміс медаль еншілеп, ел қоржынын еселей түсті.

«Сауағқа Ақрағат» медиахолдингінің ұжымы «Life09» ақпарат агенттігінің режиссер-монтажері, әріптесіміз Айжан Жабағқызы Абдрахмановаға ауылы анасы **Құралай АҚБАСҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# Испания тең түсті

Әлем чемпионатының топтық кезеңі мәресіне жақындаған сайын тартыста үдей түсуде. Әсіресе, «G» және «H» тобында жағдай шиеленісіп тұр. Ал, «I» тобында Франция мен Норвегия құрамасы алғашқы кездесулерден-ақ өздерінің фаворит екенін дәлелдеп, көш басына шықты. «J» тобында да Аргентина сенімді ойын көрсетіп, алғашқы турдың қорытындысы бойынша басты үміткердің бірі екенін аңғартты.

**ERBOL ERBOLAT,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

«G» тобында Бельгия, Мысыр, Иран және Жаңа Зеландия құрамалары өнер көрсетуде. Алғашқы турда Бельгия Мысырмен 1:1 есебімен тең түссе, Иран мен Жаңа Зеландия арасындағы кездесу де 2:2 нәтижесімен аяқталды. Осылайша, төрт құраманың да қоржынында бір-бір ұпайдан бар. Сондықтан, бұл топтағы плей-офф жолдамасы үшін күрес соңғы турларға дейін жалғасуы мүмкін.

«H» тобындағы жағдай да ерек-



ше қызығушылық тудырып отыр. Алғашқы турда топ фаворитінің бірі саналатын Испания құрамасы Кабо-Вердемен күтпеген жерден тең түсті. Ал, Уругвай мен Сауд Арабиясы арасындағы кездесуде де жеңімпаз анықталмай, матч 1:1 есебімен

аяқталды. Осы нәтижелерден кейін топтағы төрт құраманың да еншісінде бір ұпайдан бар. Сәйкесінше, «H» тобында плей-офф жолдамалары үшін күрес бұрынғыдан да шиеленісе түсті. Дегенмен, футбол жанкүйерлері мен мамандар үшін

ең күтпеген нәтиже – Испанияның алғашқы ойынның өзінде маңызды ұпай жоғалтуы. Турнир алдындағы басты фавориттердің бірі саналған испандықтар әзірге өз әлеуетін толық көрсете алмай, топтағы жағдайды күрделендіріп алды.



«I» тобында Франция, Норвегия, Сенегал және Ирак құрамалары бақ сынауда. Алғашқы тур қорытындысы бойынша топтың басты фавориттері өз деңгейлерін дәлелдей алды. Франция құрамасы Сенегалмен өткен кездесуде сенімді ойын көрсетіп, қарсыласын 3:1 есебімен тізе бүктірді. Норвегия құрамасы Иракқа қарсы матчта шабуылдағы әлеуетін толық паш етті. Скандинавиялық ұжым қарсылас қақпасына төрт жауапсыз гол соғып, 4:1 есебімен ірі жеңіске жетті. Осылайша, алғашқы турдан кейін Франция мен Норвегия үш ұпайдан еншілеп, «I» тобының көшбасшыларына айналды. Екі құрама да көрсеткен ойын өрнегі арқылы плей-офф кезеңіне шығуға басты үміткерлер екенін аңғартты.

«J» тобында Франция, Норвегия, Сенегал және Ирак құрамалары шоғырланған. Алғашқы турда Франция құрамасы Сенегалды 3:1 есебімен жеңсе, Норвегия Ирак құрамасының қақпасына төрт гол салып, 4:1 нәтижесімен басым түсті. Осылайша, Франция мен Норвегия үш ұпайдан жинап, топ көшбасшылығына көтерілді.

«J» тобында алғашқы турдан кейін-ақ көшбасшы айқындала

бастады. Топтағы алғашқы кездесуінде Аргентина құрамасы Алжирді 3:0 есебімен сенімді түрде жеңіп, чемпиондыққа басты үміткерлердің бірі екенін дәлелдеді. Ал, Аустрия мен Иордания арасындағы тартысты матч еуропалық ұжымның пайдасына шешілді. Осылайша, аустриялықтар маңызды үш ұпай еншілеп, плей-оффқа шығу мүмкіндігін арттырды. Қазіргі таңда «J» тобында Аргентина құрамасы көш басында тұр. Көрсеткен ойыны мен қол жеткізген нәтижесін ескерсек, келесі кезеңге жолдама алуға ең жақын командалардың бірі саналады.

Сурет FIFA

## • КЕШ

### «Сен неткен бақытты едің, келер ұрпақ...»

Әсілі, дауылпаз ақын Қасым Амажолов осы жыр жолдарын өзінің ізін жалғар жас шайырларға арнауы – шүбәсіз шындық. Өзі салған соқпаққа түскен жас шайырлар ақындар дүзліңде бақ сынасты. Үзенгі қағыстырды. Майқұдық мәдениет үйінде Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен ақындар дүзлі жас шайырларға «Ей, ақындар, ортаннан жол ашындар!» дегізді.

**ERKANAT KENESBEKULY,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысы бойынша директоры Жанат Жаңқашұлы ұйытқы болған өнер кеші жас таланттардың есімін дүйім көпшілікке танытты. Қазылар алқасының шешімімен III орынды Райымбек Қойшыбай мен Нұрғасыр Изат қанжығаласа,

жүлделі II орынға Ақжігіт Сағынтай, Ділнәз Жұмагелді лайық деп танылды. I орын тұғырына Нұрасыл Аманжол мен Нұрәулет Бақытұлы көтеріле білді. Айта кеткен ләзім, бірінші орын иеленген қос шайырдың бірлескен жыр кітабы келер күндерде оқырманына жол тартпақ.

– Жас ақындардың шығармашылық бәсекесі жоғары деңгейде өтті. Бұл жыр додасының басты мақсаты – таланттарға қолдау көрсету, олардың өнерін көпшілікке таныту және қазақ поэзиясының жаңа буынын қалыптастыру. Қатысушылардың әрқайсысы өзіндік қолтаңбасын, ой тереңдігін және өз өнеріне деген құрметін көрсете алды деген ой тұжырамыз. Жүлделер атанған ақындарды шын жүректен құттықтаймын. Әсіресе, I орын иеленген Нұрасыл Аманжол мен Нұрәулет Бақытұлының алдағы уақытта жарық көретін бірлескен жыр жинағы оқырманның ыстық ықыласына бөленеді деп сенемін. Осындай

әдеби жобалар арқылы ұлттық рухты дәріптеп, жас қаламгерлердің шығармашылық ізденістеріне жол ашу – ортақ міндетіміз. Барлық қатысушыларға шабыт, шығармашылық табыс және жаңа белестер тілеймін, – деді ақын, «Айбоз» ұлттық сыйлығының иегері Жанат Жаңқашұлы.

Осылайша, жас ақындардың жыр додасы жаңа есімдерді танытып қана қоймай, қазақ поэзиясының болашағына деген сенімді де нығайтты. Қаламды серік еткен талапты жастардың әр шумағынан ұлт рухы, туған елге деген сүйіспеншілік пен сөз өнеріне деген адалдық аңғарылды.

## • СПАРТАКИАДА

### Ұлт денсаулығы – ұлы мақсат

Спорт – тән сұлулығы мен жан тазалығы. Ұлттың рухын шыңдап, бірлікке бастайтын басты күш. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спортты дамытуды мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде айқындап берген еді. Осы бастама аясында, Қарағандыдағы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің спорт кешенінде жергілікті атқарушы органдар арасында облыстық спартакиаданың финалдық кезеңі өтті. Оған Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысының орынбасары Бахтияр Макеев пен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нуратов қатысып, жылы лебізін білдірді.

Спартакиадаға алты қала мен жеті ауданнан 200-ге жуық спортшы қатысып, спорттың 11 түрінен бақ сынады. Атап айтсақ, тоғызқұмалақ, қол күрес, суда жүзу, волейбол, баскетбол, футбол, шахмат және шашки де бар. Биыл ұлттық спортты дәріптеу мақсатында қазақ күресі де енген.

– Биылғы дүбірлі доданың жауапкершілігі де, ауқымы да бөлек. Осындай турнирлердің бұқаралық спортты дамытуда алатын орны ерекше. Әрі мемлекеттік қызметшілердің сергектігін арттырып, жаңа белестерді қалыптастыруға маңызды зор. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді басқарма басшысы Нұркен Нуратов.

Жеке-жеке және спорт түрлері бойынша бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Талғат Абдиев жарыстың ерекшелігіне тоқталып, өз ойымен бөлісті. Әрі алдағы уақытта жарыс ауқымын кеңейтіп, жаңа спорт түрлерін де қосатынын атап өтті. Аудандар арасынан суырылып шығып, финалдық кезеңге тастүйін дайындап келген ұжымның бірі – Қарқаралы ауданының құрамасы. Аудан әкімінің орынбасары Нұржан Илияш та спортты жаңа серік еткен жан. Бұл бәсекеде кір тасын көтеруден бақ сынамақ.

– Мемлекеттік қызметшілердің жұмысы қызын кабинетте, қағазбен өтеді. Сондықтан, бұл спартакиада біз үшін үлкен серпіліс. Спортпен шұғылдануға таптырмас стимул. Адамдарды саламатты өмір салтына насихаттау – мемлекеттік саясаттың негізгі түйіні. Өз ба-

сым облыстық спартакиадаға тұрақты қатысып келе жатқаныма жеті жылдың мұғдары болды. Осы спартакиадаға ауданнан 54 адам келдік. Спорттың 9 түрінен бақ сынаймыз. Жақында ғана өткен аймақтық іріктеуде біздің аудан I орын иеленіп, финалға жолдама алған едік, – деді Нұржан Ағыбайұлы.

Теміртау қаласының намысын арқалай келген қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ахмет Балтабаев та арнайы осы спартакиадаға қатысып отыр.

– Жақында ғана Қарағанды, Теміртау қаласы мен Қарқаралы, Бұқар жырау ауданы арасында өткен орталық іріктеу сайысында біздің команда жүзден I орын иеленіп, осы ақтық бәсекеге жолдама алған болатын. Біздің команда өте жоғары дайындықпен келді. Бізде облыс бойынша жалғыз елу метрлік «Жастар» жүзу бассейні бар. Спортшыларымыз сол жерде тыңғылықты жаттықты, – деді Ахмет Мейірманұлы.

Турнир қорытындысы бойынша үстел теннисінен Приозерск қаласының спортшылары топ жарса, жүзу спортынан теміртаулықтар үздік атанды. Тоғызқұмалақтан әйелдер және ерлер арасындағы бәсекеде Қарқаралы ауданының командасы жеңіске жетті. Ал, волейбол мен баскетболдан – Қарағанды, футболдан Балқаш командасы жеңімпаз атанды. Кір тасын көтеруден Қарқаралы спортшылары үздік шықты.

Ділнәр ЕРМЕК,  
ҚарҰЗУ-дың  
II курс студенті

## • КЕЗДЕСУ

### Тарихтан тамыр тартқан

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Қарағанды облысының 90 жылдық мерейтойы аясында өткен «Тарих сөйлейді: 90 жылдық хроникалар шеруі» атты тағылымды кездесу осы бай мұраны жанаша танытуға мүмкіндік берді.

Тарихи экскурсия барысында Бұқар жырау, Осакаров, Нұра, Шет аудандары мен Теміртау, Саран және Шахтинск қалаларынан келген қатысушылар кеншілер өлкесінің 90 жылдан астам даму жолын қамтитын арнайы әзірленген бағыт бойынша өздерінің зерттеу және таныстыру жұмыстарын ұсынды.

Экскурсия бірнеше тақырыптық алаң бойынша өрбіді. Атап айтқанда, «Шахтаның алғашқы ошағы», «Индустрия дәуірі», «Тың игеру кезеңі», «Қайта құру – жаңа Қазақстан» және «Жаңа Қарағанды» бағыттары арқылы өңірдің әр кезеңдегі тыныс-тіршілігі мен тарихи даму белестері кеңінен таныстырылды.

Көрменің негізгі бөлігін кеншілердің күнделікті тұрмыс-тір-



шілігі мен ауыр еңбегінен сыр шертетін жәдігерлер құрады. Мұнда шахтерлердің арнайы жұмыс киімдері, жер астында пайдаланылған шамдары, су құятын шөлмектер, тамақ салатын ыдыстар мен тұрмыстық бұйымдар

қойылды. Әрбір жәдігер өткен дәуірдің тынысын сездіріп, кеншілер өмірінің ерекшелігін айқын көрсетті.

Экспозициядағы ерекше назар аудартқан жәдігердің бірі – көмір кесектері. Миллиондаған жылдар

бойы қалыптасқан бұл табиғи байлық Қарағанды өңірінің экономикалық дамуының негізіне айналып, қаланы әйгілі кеншілер орталығы ретінде танытты.

Іс-шара соңында қатысушылар алған әсерімен бөлісіп, тарихи кездесудің маңыздылығына тоқталды.

– Мұндай кездесулер жас ұрпақтың туған жер тарихын тереңірек тануына мүмкіндік береді. Біз өзіміз үшін көптеген жаңа дерек алып, үлкен әсерге бөлендік, – дейді Шет ауданы Ақсу-Аюлы аудандық балалар кітапханасының қызметкері Аяулым Мұратқызы.

Тарих қойнауынан сыр шерткен тағылымды кездесу қатысушыларға Қарағанды өңірінің қалыптасу және даму кезеңдерін тереңірек тануға мүмкіндік берді. Өткен мен бүгінді сабақтастырған шара тарихи жадыны жаңғыртуға, туған жерге деген құрмет пен қызығушылықты арттыруға өз үлесін қосты.

Нұрәулет ЕСІМ,  
ҚарҰЗУ-дың  
II курс студенті  
Сурет автордан

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparaq» ЖШС

Директор  
**Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**

Директордың орынбасары  
**Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**

Директордың орынбасары  
**Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы  
**А.Ә. СОВЕТ**  
Жауапты хатшы  
**С.Б. ПИЯШ**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Сөз-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJБKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 108  
№64 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Ерханат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**